



**«Тәжірибедегі рефлексия»
жалпы білім беретін мектептердегі педагогика
кадрларының кәсіби даму бағдарламасы**

**МЕКТЕП ТРЕНЕРІНЕ АРНАЛҒАН
НҰСҚАУЛЬЫҚ**

Баспаға «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ
Педагогикалық шеберлік орталығының
Әдістемелік кенесі ұсынған

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДБҰ
Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016

Барлық құқықтар қорғалған. Осы басылымды кез келген түрінде және кез келген құралдармен, фотокөшірмені және кез келген электронды нысанды қоса алғанда, авторлық құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз толық немесе ішінара басып шығаруға немесе таратуға тыйым салынады.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
МҰҒАЛІМДЕРДІ ӨЗГЕРМЕЛІ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДАУ.....	5
МЕКТЕП ТРЕНЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОҚЫТУ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ӘДІСТЕРИ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ.....	7
ОҚУ ЖОСПАРЫ.....	15
САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ.....	17
МҰҒАЛІМДЕРДІ БАҒАЛАУ.....	50
БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ.....	51

КІРІСПЕ

Осы «Тренерге арналған нұсқаулық» «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының көсіби даму бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) оқу-әдістемелік кешенінің негізгі құжаттарының бірі болып табылады және оның басымдықтарының негізінде әзірленген. «Тренерге арналған нұсқаулық» – Бағдарламаның түйінді идеяларын ұғынуға көмектесетін, оның мақсаттарымен, міндеттерімен, инновациялық әдіс-тәсілдерімен, күтілетін нәтижелерімен таныстыратын, сондай-ақ тренерге мұғалімнің оларды игерудегі жетістіктерін бағалаудың тиімді жүйесін ұсынатын құжат.

Бағдарламаның *өзекілігі* Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарымен және міндеттерімен үйлеседі, ал мемлекеттік бағдарламаның басымдықтары, өз кезегінде білім беру саласында көш басында келетін Финляндия, Сингапур және Ұлыбритания секілді прогресшіл елдерге тән заманауи мақсаттармен және құндылықтар жүйесімен барабар [1]. Бағдарламаның жетекші мақсаты әрбір ел үшін маңызды болып табылатын рухани, мәдени және адамгершілік құндылықтардың негізінде жастарды өз елінің мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу; екіншіден (бұл да маңызды аспект) – жастарды жылдам өзгеріп жатқан әлемде өзіне сенімді және табысты болуға мүмкіндік беретін дағдылары мен түсініктерін дамытуға, өмірлік жағдайларда өз білімдерін қолдануға ықпалын тигізетін сын тұрғысынан ойлауға үйретуді қамтиды.

Бүгінгі таңда алға қойылған мақсаттарды іске асыруда басты рөлді *мұғалімнің* атқаратындығы туралы тұжырымға ешкім қарсы шыға қоймас. Білім беру саласында жүргізілген әлемдік зерттеулердің нәтижелері тиісті кәсіптік қасиеттерге ие, оқыту және оқу үдерістерінің қажетті дағдылары мен терең түсініктерін игерген мұғалімдер жастардың білімін сапалық тұрғыдан өзгерте алатынын көрсетіп отыр [2].

Тренерретінде мұғалімдерді оқыту үдерісінде сол мұғалімдердің практикалық тәжірибелерін пайдалану осы Бағдарламаның теориялық негіздерін отандық оқыту тәжірибесіне ойдағыдай бейімдеуге болатындығының шынайы дәлелдемесі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиет

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Barber, M., Mourshed, M. & McKinsey., (2007). Report «Consistently high performance: Lessons from the world's top performing school systems». [Мектепте орнықты жоғары сапалы оқытуға қалай қол жеткізуге болады].

МҰГАЛІМДЕРДІ ӨЗГЕРМЕЛІ ӨМІРГЕ ДАЙЫНДАУ

Мұғалімдер күн сайын курделі шешім қабылдап жатады. Бұл шешімдер түрлі білім мен пікірлерге сүйенеді және әрбір оқушының не үйреніп, келешекте неге қол жеткізуге тиіс екендігіне бағытталған. Осыған байланысты мұғалімдер оқушыларды олар өмір сүрге тиіс өзгермелі әлемге дайындауда маңызды рөл атқарады. Мысалы, бүкіл әлемдегі оқушыларға айтарлықтай әсері болатын елеулі факторлардың бірі – инновациялық технологиялардың кең тараған түрін пайдалануға байланысты білімге оңай қол жеткізудің артып келе жатқандығы. Білімге қол жеткізудің күн сайын артуының нәтижесінде мұғалімнің рөлі өзгереді. Алайда, бұл мұғалім рөлінің біркелкілігін білдірмейді, керісінше, мұғалімнің рөлі барынша артады және оқушылардың білімге қалай сынни қарайтындығына бағытталатын болады.

Сондықтан өзгермелі өмірде мұғалімдер барлық сатыларда оқу бағдарламасына енгізілетін өзгерістермен және пәндік салалардағы әзірлемелермен бірге дамып отыруға тиіс. Құрделі үдеріс болып табылатын оқыту шеберлігін толық игеріп шығу бүкіл ғұмыр еншісіндегі мәселе, міне, сол себепті де тәжірибеге үнемі ерекше назар аударылатын болса, мұғалімдер қызмет барысында өзін жетілдіруді жалғастыра бермек. Осы мақсатта мұғалімдердің даму түсінігімен ұштастыра оқыту, оқушылардың ішкі мүмкіндіктерін ашу, оқудағы ерекшеліктерді түсіну, көптеген тәсілдердің, тілдік және мәдени әсер мен мінез-құлық және дағдының, қызығушылық және оқыту амалдарының болатынын жете түсінуі қажет болады. Оқыту және оқу саласындағы негізгі білімнің болуымен қатар, мұғалімдерге қандай өзгерістер болып жатқаны және қандай стратегияларды алдын ала қабылдау қажеттігі туралы барынша дәлелді тұжырым жасауға мүмкіндік беретін қосымша ақпарат жинауға тұра келеді. Шешім қабылдау үдерісінде мұғалім үшін ең маңыздысы оқушының қызығушылығы болып табылады.

Осылайша, оқушыларды өзгермелі өмірге дайындаудан күтілетін нәтиже үдесінен шығу үшін мұғалімдерге оқу бағдарламасы шеңберінде шектеліп қалмауға мүмкіндік беретін жаңа дайындық түрі қажет болады. Бұл мұғалімдерді өзгермелі өмірге дайындаудағы үш маңызды мәселеге тіреледі. Олар:

- Өз қызметі аясында, оқу үдерісі мен өз оқушыларын дамыту үдерісінде сарапшы болу үшін құзырлы мұғалімдерге қандай білім түрлері қажет болады?
- Мұғалімдерге әртүрлі оқушылар үшін тиімді оқу тәжірибесін ұсыну, оқушылардың идеялары туралы кері байланыс ұсынып, өзінің мұғалімдік тәжірибесін сынни бағалау және оны жақсарту үшін қандай дағдылар қажет?
- Әр баланың жеке тұлға есебінде де, кәсіби ұжым мүшесі ретінде де табысқа жетуіне, өз білімі мен дағдыларын дамытуды жалғастыруына көмектесу үшін мұғалімдерге қандай кәсіби міндеттер қажет? (Bransford, Darling-Hammond and Le Page, 2005)

Құзыретті мұғалімдердің нені білуге және үйренуге тиіс екендігін анықтау қарапайым міндет болмағандықтан, жоғарыда аталған мәселелер – құрделі дүниелер. Мұғалімнің іс-әрекетіне нақты бағдар беретін бір ғана әдіс-тәсіл бар деуге болмайды. Алайда, қолданыстағы халықаралық бағдарламалардың қалай жұмыс істейтінін зерделеу және ғылыми әдебиетті оқу арқылы білім берудің жалпы байланысын және негізгі базасын анықтауға болады. 1-суреттегі диаграммада осы түйінді білімдер өзара байланыстырылған.



1-сурет. Мұғалімнің түйінді білімдері

Диаграммада әр мұғалім үшін маңызды болып табылатын білім, білік және дағдылардың негізгі 3 саласы көрсетілген. Оларға:

- оқушылардың әлеуметтік тұрғыдан қалай дамып, оқытындығы туралы білімі;
- оку бағдарламасының мазмұны мен мақсаттарының тұжырымдамалары; оқытылатын пәнді және әлеуметтік білім беру мақсаттары тұрғысынан қалыптасатын дағдыларды түсінүі;
- бағалау және оку ортасын қолдауға бағытталған пән мазмұны мен оқыту әдіс-тәсілдері тұрғысынан оқытууды түсіну жатады.

Пайдаланылған әдебиет

1. Bransford, J., Darling-Hammond, L. & Le Page, P., (2005). *Introduction*. [Кіріспе]. In Bransford J & Darling-Hammond L (Eds.) *Preparing Teachers for a Changing World* [Мұғалімдерді өзгермелі өмірge дайындау]. San Francisco: Wiley Imprint.

МЕКТЕП ТРЕНЕРІНЕ АРНАЛҒАН ОҚЫТУ ҚАҒИДАТТАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ ТУРАЛЫ НҰСҚАУ

Осы Бағдарлама жалпы білім беру үйымдарының мұғалімдеріне кәсіби дамуға қолдау көрсету мақсатында әзірленген және де мектеп тәжірибесін дамытуда Қазақстан Республикасы педагог қызыметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары бойынша біліктілікті арттырудан өткен мұғалімдердің әлеуетін толыққанды пайдалануды көздейді.

Бағдарламаны өздерінің озық тәжірибелерімен бөлісу және де мектептегі әріптестеріне қолдау көрсету мақсатында Қазақстан Республикасы педагог қызыметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламалары бойынша оқудан өткен мұғалімдер (бұдан әрі – мектеп тренерлері) жүзеге асырады.

Бұл Бағдарламаның аясында мектеп тренерлерінің басты рөлі:

- Кәсіби шеберлік және кәсіби даму;
- Тиімді оқытуға арналған жоспарлау;
- Оқытудағы уәждеу тәсілдері;
- Барлық мұғалімдерді жұмысқа тарту және тапсырма беру;
- Мониторинг, бағалау және кері байланыс;
- Бағалау әдістері.

Мектеп тренерлеріне қойылатын талаптар (төменде курсивпен белгіленген) мұғалімдердің кәсіби дамуын үйымдастыру және қолдау көрсетуде пайдалы болатын ақыл-кеңестермен бірге берілген.

Кәсіби шеберлік және кәсіби даму

Мектеп тренерлері кәсіби мінез-құлықтың жоғары стандарттарын сақтаудың неге маңызды екендігін біледі.

Мектеп тренерлері мұғалімдердің Бағдарлама тақырыптарын сыныптағы оқушылармен жұмыстарына тасымалдауда үлгі алу моделі болып табылады. Олар өз әріптестеріне құрмет көрсете отырып, кез келген жағдайда өздерін кәсіби шебер ретінде ұстайды. Мектеп тренерлері өз тобының мұғалімдері Бағдарлама мақсаттарына жетуде табысты болуын көздейді. Бұған уақытты тиімді пайдалану, мұқият жоспарланған сабактар, топ жұмысына барлық мұғалімдердің қатысуын ынталандыру және әрбір қатысушының жұмысы туралы егжай-тегжайлі қалыптастырушы пікір білдіру жатады.

Мектеп тренерлері барлық тыңдаушылармен адаптациялық, сыйластыққа, сенім мен қолдау көрсетуге негізделген қарым-қатынас орнату жолдарын біледі.

Мектеп тренерлері өз тобының барлық мұғалімдеріне құрметпен қарайды. Олар барлық тыңдаушыларға және олардың жұмысына бірдей көніл бөледі, әрі олардың ұсынған идеяларына сындарлы жауап беруге ұмтылады. Мектеп тренерлері талқы жүргізуге және топта орындалатын тапсырмаларға барлық тыңдаушылардың қатысуын қолдап, ынталандырып отырады. Сыныптағы және шағын топтардағы бірлескен жұмыс ережесі оку үдерісінің басында белгіленеді. Ол ережені барлық тыңдаушылардың қатысуымен құрған дұрыс, алайда онда төмендегі тармақтар міндетті түрде қамтылуы тиіс:

- әр тыңдаушыға пікір білдіруге мүмкіндік беру;
- басқаларды тыңдау;
- сұрақ қойғанда, адамның жеке қасиеттеріне тіл тигізбеу.

Топтық жұмыс туралы ереженің толық нұсқасын оку материалдарынан табуға болады.

Мектеп тренерлері топқа арналған ережелерге бағынады.

Мектеп тренерлері үздіксіз кәсіби дайындықтың маңызын және оның өздерінің және басқалардың оку мен тәжірибелік жұмысын қалай дамыта және жақсартта алатынын

түйсінеді.

Мектеп тренерлері Бағдарлама мұғалімдердің тәжірибелік жұмысына да, окушылардың білім алу үдерісіне де оң әсер ететіне үлкен үміт артады. Бұны олардың өз сабактарын энтузиазммен өткізуінен және олардың мұғалімдердің кәсіби өсуінің келешегіне деген сенімінен көруге болады. Олар тыңдаушылардың менгерген біліміне қарай әр сабактың тиісті бағасын беріп, алдағы сабактарын жетілдіру жолдарын іздейді.

Тиімді оқытуға арналған жоспарлау

Мектеп тренерлері тыңдаушылардың қажеттіліктегіне, білім беру жоспарларының талаптарына жауап беретін, оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қамтитын келісілген оқу бағдарламаларын жоспарлайды.

Күнделікті сабак жоспары «Мектеп тренеріне арналған нұсқаулықта» берілген және Педагогикалық шеберлік орталығының (бұдан әрі – Орталық) білім беру порталында орналастырылған. Әрбір аптаның соңында тиісті материалдардың барлығы зерделенген болса, мектеп тренерлері «Мектеп тренеріне арналған нұсқаулықта» ұсынылған сабак жоспарынан ауытқи алады. Идеяны толығымен түсіндіру немесе қызықтыратын тақырыпты тереңірек зерттеп, арнайы білім алу үшін көп уақыт талап етілген жағдайда жекеленген тыңдаушылар немесе бүкіл топтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Бағдарламадан ауытқуға рұқсат етіледі. Мектеп тренерлері сабактардың ұғымдар арасында байланыс орнатып, оларды түсінуге ықпал ететіндей етіп құрылуын қадағалайды. Жұмыстың әртүрлі әдістері пайдаланылғанымен, Бағдарламада ұсынылған, бірлескен топтық жұмыс, өзін-өзі бағалау және өзара бағалау және т.б. сияқты оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер сабак жоспарларына енгізілген.

Мектеп тренерлері сабактардың мақсаты мен құрылымын, тапсырмаларды нақты белгілей отырып жоспарлайды.

Әрбір күнгі сабактың мақсаты мен міндеттері сабак жоспарларында жазылған. Сонымен қатар күнделікті екі сабактағы тапсырмаларды қалай құру керектігі туралы ұсынымдар келтірілген құрылым ұсынылған. Мектеп тренерлеріне бұл құрылымды пайдалануда, сонымен қатар арнайы жұмыс пен ресурстарды қолдануда еркіндік берілген. Алайда, олар сабакты әрбір мұғалімнің сол күнге қойылған мақсатына жетуіне ықпал ететіндей етіп жоспарлайды.

Мектеп тренерлері оқу материалдары мен көмекші құралдарды оқыту үдерісіне көмектесіндей етіп дайындаиды. Олар жаңа және инновациялық технологияларды қоса алғанда, қолда бар ресурстарды тиімді пайдаланады.

Әр сабакқа арналған оқу материалдары мен ресурстар Орталықтың білім беру порталында орналастырылған. Дегенмен мектеп тренерлері өз тобының мұғалімдерінің қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тиісті материалдарды іріктеп алып, бейімдейді. Олар сонымен қатар қазақстандық мәннәтінге лайықты қосымша ресурстарды тауып немесе оларды өздері әзірлей алады. Қазақстан мұғалімдері өткізген сабактардың бейнеказбалары және қазақстандық тыңдаушылардың жұмыс ұлгілері мұғалімдердің кәсіби даму курсарында аса пайдалы. Олармен білім беру порталынан алуға болатын материалдарды алмастыруға немесе толықтыруға болады. Мектеп тренерлері оқыту үдерісіне ықпал ету және педагогикалық қызметте жаңа технологияларды пайдалану жолдарын көрсету үшін технологияларды пайдаланады. Барлық жаттығулар және олармен байланысты қосымша құралдардың мақсаты сабак жоспарында қойылған оқу мақсаттарына жету болып табылады.

Мектеп тренерлері тыңдаушылар бұған дейін менгерген білімдерін жаңадан алған білімдерімен байланыстыра алыу үшін ақпарат пен жаңа ұғымдарды мейлінше түсінікті баяндайды.

Мектеп тренерлері ақпарат пен жаңа ұғымдарды түсінуге ықпал ететін түсіндіру және ұсыну тәсілдерін жоспарлайды. Сонымен қатар түйінді идеяларды құрылымдан пайдаланады.

үшін диаграмма, модель, кесте және т.б. пайдаланады. Бұл құралдар тренердің ауызша түсініктемесін және/немесе мұғалімнің өз бетінше окуын бекітуге көмектеседі. Мүмкіндік болса, мектеп тренерлері тізім, модель, кесте мен сызбаларды бөлменің ішіне іліп қойғаны дұрыс, бұл идеяларды үздіксіз қабылдауға ықпал етіп, мұғалімдерге ұғымдар арасында байланыс орнатуға көмектеседі. Бұл байланыс тренердің жоспарларында айқын көрінеді және сабак кезінде мұғалімдер оған көз жеткізеді.

Оқытудағы уәждеу тәсілдері

Мектеп тренерлері адамдарды оқуға және өмір бойы білім алушы болуга не ынталандыратынын біледі.

Мектеп тренерлері өз тобындағы мұғалімдерді окуға не ынталандыратынын түсінуге тырысады. Олар мұғалімдер курсқа не себепті жазылғанын және бағдарламаны аяқтағаннан кейін неге қол жеткізуғе үміттенетінін анықтау үшін оқу үдерісінің басында сауалнама жүргізе алады. Оқу кезеңінің барысында мектеп тренерлері уәж мәселелерін мұғалімдермен жеке-дара және/немесе топтарда талқылайды. Олар оқу мен дамуға қолдау көрсетіп, ынталандыру үшін алынған деректерді пайдаланады.

Мектеп тренерлері тыңдаушылар таным үдерісіне қызығушылығын жоғалтпау үшін оқу ортасы мен жұмыс ағымын басқарады. Олар сабак кезеңі мен тыңдаушылар қажеттіліктеріне қарай оқыту стилін өзгерте отырып, жеке тыңдаушылар, жұптар, топтар және тұмас сыныптарда оқытуды бақылайды.

Мектеп тренерлері сабактың белгілі бір мақсатына жету үшін оқытудың әртүрлі белсенді тәсілдерін пайдаланады. Күні бойы мұғалімдер сабакқа ынтасын сақтап, белсенді араласып отыру үшін әртүрлі тапсырмаларды орындауға қатысады. Мектеп тренерлері өз тобындағы мұғалімдердің қажеттіліктеріне сезімтал болып, олардың бойындағы өзгерістерге сәйкес өзінің пайдаланатын тәсілдерін бейімдеп отырады. Тәсілдерге мыналар жатады:

- мектеп тренерінің ол идеяларды, модельдер мен т.б. ұсынған кездегі немесе нұсқау берудегі үлесі;
- өз бетінше оқу және зерттеу жүргізу;
- жеке-дара тапсырмалармен жұмыс, мысалы, іс-әрекеттегі зерттеуді сипаттай отырып плакат әзірлеу;
- шағын топтағы жеке таныстырылымдар;
- жұптық немесе шағын топтардағы талқылау;
- тапсырманы орындауға бағытталған жұптық немесе шағын топтардағы бірлескен жұмыс (плакат, PowerPoint таныстырылымдарын дайындауға болады немесе шағын қойылым жасауға болады, мысалы, «стоп-кадр», рөлдік ойын және т.б.);
- жеке рефлексиялық есеп жазу;
- өзін-өзі бағалау;
- өзара бағалау және т.б.

Мұғалімдер сабактың басым бөлігін белсенді өткізеді, яғни ақпарат іздейді, талқы жүргізеді немесе жеке не бірлескен тапсырмаларды орындауға қатысады.

Мектеп тренерлері оқуға ынталандыратын және сын тұрғысынан ойлауга ықпал ететін жаттығулар әзірлейді. Олар тыңдаушылардың білімжұмарлығы, шыгармашылығы мен сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететін жеке, жұптық, топтық және бүкіл сынның қатысатын жұмыстарды пайдаланады.

Мектеп тренерлері тыңдаушыларға белсенді қатысуды талап ететін, олардың талаптары мен қызығушылықтарына жауап беретін тапсырмаларды ұсынады. Қандай жұмыс түрі қолданылатынына қарамастан, әріптестермен және/немесе мектеп тренерімен талқылауға үнемі мүмкіндік беріледі. Мектеп тренерлері мұғалімдерге әртүрлі бағытта, тереңнен немесе

сын тұрғысынан ойлануға көмектесу үшін олардың тапсырмаларына және берген жауаптарына байланыстыра сұрақ қояды. Тындаушылардың бір-біріне шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытатын сұрақ қоюы ынталандырылады. Мұғалімдерге оқылым, талқылау және зерттеу арқылы өз идеяларын жүзеге асыру ұсынылады.

Мектеп тренерлері неліктен оқыту мен оқудың қағидаттары, құрылымы мен теориялары жұмыс әдістерін дамытуға және өзгертуге көмектесе алатынын біледі.

Бағдарламаны жүзеге асыруда мектеп тренерлері оқыту мен оқу туралы заманауи идеяларды түсінетіндігін көрсетеді. Олар мұғалімдерге оку тәсілдері мен стратегияларын жақсылап ойластырып (зерттеп) өзгерту оқушылардың оку үдерісіне жағымды әсер ететінін түсінуге көмектеседі. Мектеп тренерлері алдағы тәжірибелік қызметтерінде пайдалы болу үшін мұғалімдердің белгілі бір қағидаттарды, құрылым мен теорияларды қолдануды ойластырып, оның нәтижелерін талқылауын көтермелейді. Олар мұғалімдерге өзгеріс енгізу қажеттігі мен талап етілетін өзгерістерді бағамдау тәсілдерін анықтау үшін осы қағидаттарды, құрылым мен теорияларды пайдалануды ұсынады.

Барлық мұғалімдерді жұмысқа тарту және тапсырма беру

Мектеп тренерлері теңдік, айырмашылықтарды құрметтеу және мүмкіндіктерді іске асыру ұғымдарын қалайша алға жылжытып, оларды тәжірибеде қалай пайдалану керектігін біледі.

Бағдарлама Қазакстан Республикасының барлық оқушыларының оку ортасын жақсартуға бағытталған. Сондықтан, Бағдарлама шенберінде жүргізілетін жұмыстар мен пікірталасталқылаулардың барлық түрлері теңдік, айырмашылықтарды құрметтеу және мүмкіндіктерді іске асыру қағидаттарына негізделеді. Оқыту мен оқудың барлық аспектілері барлық оқушылар бірдей құнды, келешегі зор және дамуға қабілетті деген ұстанымға негізделеді. Мектеп тренерлері әртүрлі оқушылар топтарын талқылауда сөздерді сақтықпен таңдай отырып, мұғалімдерге өздерінің оқушылардың әртүрлі топтарына деген көзқарасын сын тұрғысынан қарастыруға ынталандырады. Мұғалімдер барлық оқушылардың қазіргі кездегі деңгейінен барынша жоғары деңгейге көтеріле алатынына сене ме? Олар терендетіп оқытуды ынталандыру барлық оқушылар үшін маңызды деп санай ма?

Мектеп тренерлері оқушылар өз әлеуеттерін толығымен ашу үшін оларға үлкен үміт арту керектігі неліктен маңызды екенін біледі.

Оқыту шаралары барлық оқушылар белгілі бір қолдау көрсетілген жағдайда қазіргі кезеңдегіден әлдеқайда жоғары деңгейге көтеріле алады деген алғышартқа негізделген. Мектеп тренерлері барлық қағидаттарды, әдістер мен стратегияларды тындаушылардың әлеуетін ашу тұрғысынан қарастыратын сынып жұмысын жоспарлайды. Олар сонымен бірге осы Бағдарламаға қатысуши ретінде мұғалімдерге үлкен үміт артып, олар кәсіби шеберлік тұрғысынан өсіп, курсы табысты аяқтайды деп күтеді. Мектеп тренерлері жекелеген тындаушыларға курсқа қызығушылықпен әрі терең негізде қатысуға және тапсырмаларды орындау сапасын арттыруға көмектесе отырып, қажетті қолдау көрсетеді және бақылайды.

Мектеп тренерлері білім алу үдерісі шектеусіз жүретін біріктіруші және ынталандыруыш оқу ортасын қалыптастырады. Олар барлық тындаушыларды қызықтыратын және қатысуға шақыратын оқыту мен оқудың көптеген стратегияларын қолданады.

Мектеп тренерлері әрбір мұғалім барлық оқыту шараларына қатысуға мүмкіндік алуын қадағалап отырады. Олар барлығы қатыса алатын және мұғалімдерге әртүрлі деңгейде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін тапсырмалар әзірлейді. Қосымша ресурстар барлық тындаушыларға таратылады. Мектеп тренерлері кей мұғалімдерге тапсырмалардың жеке түрлері немесе қолдау қажет екенін түсінеді және оны қамтамасыз етуге тырысады. Мектеп тренерлері Бағдарламаға қатысушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін әртүрлі жұмыс бағыттарын таңдал,

әртүрлі нәтиже күтуі мүмкін. Мұғалімдердің жүктемесі жеткіліксіз деп санаса, қосымша тапсырма ұсынып, мұғалім жаттығуды орындауға толық қатыстырылмаған жағдайда оған қолдау көрсетеді.

Мониторинг, бағалау және кері байланыс

Мектеп тренерлері оқуды бақылау, қолдау және тексеру үшін жауап алу мен тыңдаудың тиімді әдістерін пайдаланады.

Оқу барысында мектеп тренерлері қалыптастыруышы бағалауды қолдана отырып, мұғалімдердің окуы мен табысқа жетуін қолдауға басты назар аударады. Олар мұғалімдерді алуан түрлі оқыту шараларына тарта отырып, тыңдаушылармен байланыс орнатады және білімі мен түсіну дәрежесін бағалап, оны тереңдету мақсатында саулнама қолданады. Олар оқытуды кеңейту үшін алдағы уақытта қандай қолдау қажет екенін түсіну мақсатында таныстырылым көрсету, тапсырма мен жаттығу орындау кезінде жекелеген тыңдаушылар мен шағын топтардың жауаптарын бақылайды.

Мектеп тренерлері оқытууды бақылап, қолдау көрсету үшін қалыптастыруышы бағалау әдістерін қолданады.

Мектеп тренерлері мұғалімдердің алға ілгерілеуін қадағалай отырып, оқудың барлық сатыларында қалыптастыруышы кері байланыс ұсынады. Оқу кезіндегі мониторинг пен кері байланыс тыңдаушылардың Бағдарлама идеяларын білуі мен түсінуіне, курс соңында тапсырылатын рефлексиялық есепке негіз болатын сабактарын жоспарлауға бағытталады. Жоспарланған сабактарды өткізу кезінде мектеп тренерлері мұғалімдердің тәжірибеге енгізу жоспарланған өзгерістерді жүзеге асыруы мен бағалаудың бақылайды. Жұмыстарына көмектесу үшін олар тыңдаушыларға кері байланыс ұсынады. Сонымен қатар мектеп тренерлері мұғалімдер есебінің бастапқы нұсқасымен танысады. Олар бағалаудың негізгі өлшемдеріне сәйкес келуі үшін жұмысты қалай жақсартуға болатыны туралы топтық және жеке кері байланыс ұсынады.

Мектеп тренерлері оқытудағы келесі қадамдарды жоспарлау үшін Оқу үшін бағалау қағидаттарын ұстанады.

Мұғалімдердің сабакқа қатысу деңгейін, жауаптары мен жазбаша жұмыстарын бақылай отырып, мектеп тренерлері жеке және топтық оқу туралы дерек алады. Бұл деректерді алдағы сабактарын жоспарлау кезінде пайдаланады. Мысалы, мектеп тренерлері дау туғызған немесе түсініксіз сұраптарды байқап, олар бойынша топқа қосымша ақпарат берсе алады. Олар кей мұғалімдер өз есептерінде жақсы мысалдар келтіргенін, ал кейбіреулердің мысалдары онша емес екенін анықтай алады. Қындық сезінетін тыңдаушылар тапсырмаларды барынша табысты аяқтау үшін өздерінің әріптестерінен көмек алу үшін мектеп тренері мұғалімдерді жұпқа бөліп, өзара бағалау жүргізу туралы шешім қабылдай алады.

Мектеп тренерлері тыңдаушылардың бар білімдерін жаңа білімді игеруге негіз етіп алып, олардың окуы мен тәжірибесін дамыту үшін тәлімгерлік етеді.

Мектеп тренерлері өз топтарындағы мұғалімдердің сабак берудегі тәжірибесі әртүрлі екенін біледі. Әртүрлі жастағы балалармен жұмыс істейтін немесе әртүрлі пәндер бойынша сабак беретін мұғалімдер кездеседі. Сонымен қатар, еңбек өтілі әртүрлі мұғалімдер болады. Мектеп тренерлері өздері ұсынған жаттығулардың белгілі бір тыңдаушыларды шеттетпей, керісінше оқыту үдерісіне өз үлесін қосуға мүмкіндік беруін қадағалайды. Мұғалімдердің метатанымы мен өз жұмысын жетілдіру әдістері туралы білімін дамыту үшін мектеп тренерлері жекелеген тыңдаушылардың өздерінің окуы мен тәжірибесін қалай түсінетінін талқылайды.

Мектеп тренерлері тыңдаушылардың білім алуына ықпал ету үшін оларды өзара және өзін-өзі бағалау үдерісіне тартады.

Мектеп тренерлері мүмкін болған жағдайлардың барлығында өзін-өзі және өзара

бағалауды қолданады. Бұл тыңдаушылар үшін пайдалы екені сөзсіз, бірақ тренер тарапынан жүргізілетін мониторинг пен бағалауды алмастыра алмайды. Мұғалімдерге рефлексиялық есепке енетін іс-шаралар туралы жазбаларымен алмасу және ол бойынша пікірлерін білдіру үшін қоғамдастықты пайдалануды ұсынуға болады.

Мектеп тренерлері оқуга қолдау көрсетіп, дамытуға бағытталған сындарлық қалыптастыруышы бағалау мен кері байланыс ұсынады.

Мектеп тренерлері ұсынатын қалыптастыруышы кері байланыс ауызша немесе жазбаша болуы мүмкін. Ол орындалған жұмыстың бағдарламаның негізгі үш өлшеміне және тапсырма үшін арнайы белгіленген басқа өлшемдерге сәйкестігін немесе сәйкес еместігін анықтауға қатысты болады. Қалыптастыруышы кері байланыс мұғалімдердің білімі мен түсінігін одан әрі жетілдіру, оларды тәжірибеде қолдану тәсілдерін жақсарту және/немесе өзінің тәжірибелік қызметі туралы ойларын дамытуға арналған ұсынымдарды қамтиды. Жақсартудың қандай тәсілдерін пайдалану керектігін тұра айтудың орнына мектеп тренерлері мұғалімдерге өз жұмыс әдістерін қалай жетілдіруге болатынын өздігінен түсінуге түрткі болу үшін сұрақ қояды.

Мектеп тренерлері қандай жиынтық баға қою туралы нақты, сенімді және әділ шешім қабылдау үшін тыңдаушылардың рефлексиялық есептерін зерделейді.

Мектеп тренерлері мұғалімдерінің рефлексиялық есептеріне қорытынды жиынтық бағасын қояды. Бағалау жұмыстың белгілі аспектілеріне қатысты негізгі үш критерий негізінде жүргізіледі. Бұл талаптар мен критерийлер «Мұғалімге арналған нұсқаулықта» нақты баяндалған. Мектеп тренерлері мен мұғалімдер оларды жете түсіну бағытында жұмыс жүргізеді. Жиынтық бағалау мұғаліммен жеке таныстықты, оның мәртебесін, тапсырмаларды орындауға қатысуын, мектептегі тәжірибелік қызметін немесе басқа жазбаша жұмыстарын ескермейді. Баға қаралатын рефлексиялық есепке қатыстыған қойылады.

Мектеп тренерлері бағалау әдістерін олардың дұрыстығы, ақиқаттылығы және негізділігі түргысынан талдайды.

Барлық тәжірибелік мәселелер сияқты мектеп тренерлері бағалау үдерісі туралы да ойланып, оны жетілдіруге үмтүлады.

Мектеп тренерлері өздері таңдаған жұмыс тәсілі шынында да бағалануы тиіс нәрсені бағалайтыны (дұрыстығы) туралы ойланады. Мұғалімдер идеяларды түсініп, оларды пайдалана білді ме, осы идеяларды жұмыста пайдалану нәтижелері бойынша рефлексия жүргізгендігінің дәлелдеріне басты назар аударылады.

Мектеп тренерлері өздерінің ойлары басқалардың пікірімен үндесетіндігі (акиқаттылығы) туралы ойланады.

Мектеп тренерлері баға қою үшін оның деректері жеткіліктілігі (негізділігі) туралы ойланады. Рефлексиялық есептің әр тарауы бағалаудың әрбір өлшемдеріне әр дәрежеде жауап береді. Барлық тараулардың белгіленген критерийлерге сәйкес келмеуі мүмкін. Мектеп тренерлері бүкіл рефлексиялық есепте қажетті шарттардың барлығы орындалғанын көрсететін дәлелдер жеткіліктілігі туралы жан-жақты ойластырылған кәсіби шешім қабылдайды.

Мектеп тренерлері тыңдаушылардың оқуы мен өз тәжірибелерін жетілдіру мақсатында қалыптастыруышы және жиынтық бағалау нәтижелерін талдайды.

Қай тұста қандай қолдау көрсету қажеттігін анықтау үшін окудың барлық кезеңдерінде мектеп тренерлері мұғалімдерге қалыптастыруышы баға беріп отырады. Мұғалімдердің идеяларды түсінбегені, оларды тәжірибеде қолданбағаны немесе осы идеяларды қолдану туралы сын түргысынан ойланбайтыны анықталған жағдайда, мектеп тренерлері қандай қосымша көмек қажет екенін ойластырып, оны қамтамасыз етеді. Мектеп тренерлері жеке

мұғалімдер мен топтарға тапсырмаларды дұрыс орындаپ, олардың қойылатын талаптарға сәйкес болуына көмектесу мақсатында рефлексиялық есепке қалыптастыруыш баға береді.

Мектеп тренерлері қатысуышылардың оқудағы прогрестері мен алған бағаларының есебін жүргізеді.

Оку барысында мектеп тренерлері мұғалімдердің сабакқа қатысуын, олардың идеяларды түсінуін және үйренгендегерін жүзеге асыруға дайындық деңгейін есепке алғып отырады. Сонымен бірге, мектеп тренерлері мұғалімдердің рефлексиялық есептің тарауларын дайындау жұмысын бақылап, есепке алады. Олар жазбаларды өздеріне ыңғайлы түрде жүргізеді. Бұл нысандар қалыптастыруыш бағалау аясында прогресті қадағалау үшін де пайдаланылуы мүмкін.

Мектеп тренерлері бағалау туралы қажетті ақпаратты тыңдаушылардың үлгеріміне заңды қызығушылық білдіре алатын тұлғаларға хабарлайды.

Жиынтық және қалыптастыруыш бағалау жазбаларын мұғалімнің прогресі мен табыстылық дәрежесі туралы талқылау немесе хабарлауға негіз етіп алуға болады. Тыңдаушылардың окуына заңды қызығушылық танытуыш тұлғаларға, ең алдымен, мұғалімдердің өздері, мектеп басшылығы, білім бөлімдері мен басқармалары жатады. Бағалар туралы деректер тиісті заңды құқығы бар адамдарға ғана беріледі. Жоғарыда аталғандардан басқа адамдар бұл ақпаратты тек мұғалімнің рұқсатымен ғана ала алады.

Бағамдау әдістері

Мектеп тренерлері өздерінің жұмыс әдістерін дамытып жетілдіру үшін оқыту мен оқуды бағамдауды жоспарлайды және дайындалады. Әртурлі дереккөздерден алынатын ақпаратты талдай отырып, оқу жоспары мен жеке сабактарды бағалайды.

Оқытудың тиімділігін бағамдау кез-келген оқыту шарасының маңызды бөлігі болып табылады. Бағамдау тәсілдері алуан түрлі болуы мүмкін, бірақ олардың барлығы тәжірибелі дамытуға ықпал ету үшін қолданылады. Сондықтан ол жиынтықтан гөрі, қалыптастыруыш үдеріс болып табылады. Бағалау төмөндегі қызмет түрлерінен тұрады:

- күннің соңында мұғалімдерден стикерлерге өз пікірлерін жазу сұралады. Оларды «окуда маған көмектескен тиімді іс-шаралар» және «менің окуым барынша табысты болу үшін нені өзгерту керек» деген санаттарға топтастыруға болады;
- мұғалімдерге нақты жаттығуды орындау кезінде немесе ол аяқталған соң бірден ол туралы сұрақ қойылады;
- мұғалімдерден окуы туралы есеп жазу немесе оку соңында болмаса аптаның соңында өз бейнесін салу сұралады.

Бағамдаудың қандай тәсілі пайдаланатындығына қарамастан, мектеп тренерлері мұғалімдердің жауаптарын талдап, алынған деректерді алдағы кәсіби дамуды жоспарлауға негіз ретінде пайдаланады. Мұғалімдер олардың пікірі назарға алынғанын үнемі біліп жүру үшін мектеп тренерлері тыңдаушылардың бағамдауы мен кері байланысының нәтижесінде қандай шаралар қабылданғанын түсіндіреді.

Курстың соңына қарай мектеп тренерлері Бағдарламаның жүзеге асуын сынни бағалау үшін және оқытуды жақсарту үшін қандай шаралар қабылдау керектігін шешу мақсатында жинақталған бағалау деректерін пайдаланады.

Мектеп тренерлері әртурлі дереккөздерден алынған ақпаратты пайдалана отырып, өзінің оқуы мен тәжірибесі туралы ойланып, оны бағамдайды. Олар бағамдау нәтижелерін болашақта оқу бағдарламаларын, тыңдаушылардың білім алу үдерісін және өзінің жұмыс әдістерін жетілдіруді жоспарлауда пайдаланады.

Мектеп тренерлері курс өткізу барысында не білгені туралы ойланады. Жаңа білім, мысалы:

- кәсіби даму бағдарламасын жүзеге асыру;

-
- мұғалімдердің тәжірибесі мен қабілеттері;
 - тындаушыларды тиімді оқыту және оқу;
 - мұғалімдердің кәсіби даму үдерісі және т.б. мәселелерге қатысты болуы мүмкін.

Жоғарыда сипатталған бағалау қызметіне қосымша мектеп тренерлері тренер ретіндегі өз тәжірибесін бағамдайды. Мысалы, мұғалімдерден олардың білімді қалай қабылдағанын анықтауға көмектесетін сауалнаманы толтыруды немесе сұхбат беруді сұрауға болады. Мектеп тренерлері бұл ақпаратты өздерін тренер ретінде түсініп, дамыту үшін қолданады.

Мектеп тренерлері алдағы уақытта өзінің жұмыс тәжірибесін жетілдіру үшін тренер ретіндегі өзі туралы және оку бағдарламасының тиімділігі туралы білімін пайдаланады. Олар:

- өздерінің мұғалімдермен қарым-қатынастарын;
- жаттығулар мен ресурстардың лайықтылығын;
- окуға арналған материалдың қамтылуын;
- сабактардың құрылымын;
- оқыту әдістері мен тәсілдерін;
- қарым-қатынастың тиімділігін;
- ұсынылған қолдаудың жеткіліктілігін;
- бағалау үдерісінің дұрыстырынын, ақиқаттылығы мен негізділігін және т.б. зерделейді.

ОҚУ ЖОСПАРЫ

Күн №	Күн тақырыбы	Сабактың тақырыбы	Сағат саны
1	Кіріспе: оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізудің қажеттігін негіздеу.	1-сабак: Бірлескен және топтық жұмыс. Топтарда жұмыс жүргізу әдістемесі. 2-сабак: Сыныптағы оку үдерісі мен ондағы өзгерістерді басқару. Оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізу қажеттілігін негіздеу. Мұғалімдер мен оқушылардың көзқарастары.	4
2	Мектеп пен сыныптағы мәдениет.	1-сабак: Сыныпты қадағалау әдістемесі. 2-сабак: Мұғалімдерге нені білу міндет? Сынып мәдениеті мен оқу ортасы.	4
3	Мұғалімнің мінсіз мұғалім туралы және оқушылардың жеке ерекшеліктері туралы пікірі.	1-2-сабактар: Мұғалімнің мінсіз мұғалім туралы қалыптасқан ұстанымдарын зерттеу. 2-сабак: Оқушылардың пікірі бойынша құзырлы мұғалімнің сипаттамасы қандай? Мұғалімнің оқушылардың жеке ерекшеліктері туралы қалыптасқан ұстанымдарын зерттеу.	4
4	Күндышықтар, көзқарастар, ықпал ету тәсілдері.	1-сабак: Бұдан әрі даму бағыттары мен басымдықтарын анықтау үшін жеке тұлғаның күндышықтары мен көзқарастарын нақтылау. 2-сабак: Оқыту және оқу әдістемесін жетілдіру мақсатында зерттеу жүргізу қажеттігін негіздеу және мойындау. Сыныптағы психологиялық ахуал.	4
5	Оқушыларды ынталандыру.	1-сабак: Оқудағы кедергілерді анықтау. Оқудың аффекттік теориясы. 2-сабак: Оқушыларды ынталандыру. Оқушылардың оқу туралы пікірін анықтау (оқушыдан кеңес алу).	4
6	Әлеуметтік өзара іс-қимыл.	1-сабак: Оқудағы әлеуметтік өзара іс-қимыл, әлеуметтік өзара іс-қимыл ауқымын кеңейту. 2-сабак: Сабактың интербелсенді және инклузивті болуын қамтамасыз ету.	4
7	Оқудағы кедергілер.	1-сабак: Оқудағы кедергілерді анықтау. Оқудағы кедергілерді, соның ішінде жас ерекшеліктері проблемаларын жену мақсатындағы педагогикалық тәсілдерді тандау және нақтылау. 2-сабак: Оқушылардың қабілеттерін және окуға жағымды көзқарастары.	4
8	Тәжірибелі түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: қалай оқу керектігін үртету.	1-2-сабактар: Қалай оқу керектігін үйренудің мәні. Мұғалімнің оқушылардың қалай оқу керектігін үйрену қабілеттерін дамыту жөніндегі әрекеттері.	4
9		1-2-сабактар: Бұкіл зейінді және педагогикалық амал-тәсілдерді оқушыларға бағыттау және оларға қалай оқу керектігін үйренуде көмек көрсету. Қалай оқу керектігін үйренуге қатысты оқыту әдістері мен тәсілдеріне басты назар аудару.	4
10	Тәжірибелі түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: әңгімелесу және диалогтік оқыту.	1-сабак: Диалогтік оқытудың мәні. 2-сабак: Оқу сапасын жақсарту мақсатында сабакта әңгімелесуді пайдалану әдістемесі.	4
11	Тәжірибелі түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: сын тұрғысынан ойлауды.	1-сабак: Сын тұрғысынан ойлаудың мәні. 2-сабак: Оқытуда сын тұрғысынан ойлауды пайдалану.	4

Күн №	Күн тақырыбы	Сабактың тақырыбы	Сағат саны
12	Тәжірибелі түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: сын тұрғысынан ойлау.	1-сабак: Оқытуда сын тұрғысынан ойлауды пайдалану. 2-сабак: Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға арналған әдістерді жоспарлау	
13	Тәжірибелі түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: оку үшін бағалау және оқуды бағалау.	1-2-сабактар: Бағалау үдерісінің мақсаты. Оку үшін бағалаудың (ОУБ) мәні.	4
14	Тәжірибелі түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: оку үшін бағалау және оқуды бағалау.	1-2-сабактар: Оқытуды жоспарлауда ОУБ әдістемесін пайдалану.	4
15	Тәжірибелі түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: оку үшін бағалау және оқуды бағалау.	1-2-сабактар: Сабакта ОУБ әдістемесін пайдалану.	4
16	Тәжірибелі түрлендіру. Қуатты педагогикалық құралдар: оқыту мен окуда ақпараттық-коммуникациялық технологияны (АКТ) пайдалану.	1-сабак: Оқыту мен окуда АКТ пайдалану мақсаттары. 2-сабак: Оку сапасын арттыру мақсатында сыныпта АКТ пайдалану әдістемесі.	4
17	Сабакты жоспарлау.	1-сабак: Сабактың сарапанған оку нәтижелерін өзірлеу. 2-сабак: Оку нәтижелеріне қол жеткізуге арналған жаттыгуларды жоспарлау және Бағдарлама тақырыптарын ықпалдастыру.	4
18	Сабакты жоспарлау.	1-сабак: Бағалау критерийлерін белгілеу. 2-сабак: Оку мақсаты, жаттығу мен бағалау критерийлері арасындағы байланысты бағамдау.	4
19	Сыныптағы оқуды басқару.	1-2-сабактар: Оқыту үдерісін жақсарту мақсатында өзгерістерді жоспарлау.	4
20	Сыныптағы оқуды басқару.	1-2-сабактар: Оқыту үдерісін жақсарту мақсатында өзгерістерді жоспарлау.	4
21	Оқыту тәжірибесіне Бағдарлама тақырыптарын енгізу.	1-2-сабактар: Тізбектелген сабактар топтамасын орта мерзімдік жоспарлау.	4
22	Сабакты зерттеу әдісі.	1-сабак: Оқыту мен оку үдерісін жақсарту мақсатында Сабакты зерттеу әдісін қолдану. 2-сабак: Сабакты зерттеудің тақырыбын белгілеу.	4
23	Сабакты зерттеу әдісі.	1-2-сабактар: Оқыту мен оку үдерісін жақсарту мақсатында Сабакты зерттеу әдісін қолдану. Мектептегі Сабакты зерттеудің табыс критерийлері.	4
24	Бағалау.	1-2-сабактар: Мұғалімдердің оқыту және оку тәжірибесіне өзгеріс енгізу үдерісін бағалау.	4
25	Бағалау.	1-2-сабактар: Мұғалімдердің оқыту және оку тәжірибесіне өзгеріс енгізу үдерісін бағалау.	4

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 мин.

Бағдарлама бойынша барлығы: 100 академиялық сағат.

САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

1-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	1-сабак: Бірлескен және топтық жұмыс. Топтарда жұмыс жүргізу әдістемесі. 2-сабак: Сыныптағы оқу үдерісі мен ондағы өзгерістерді басқару. Оқыту және оқу әдістемесіне өзгеріс енгізу қажеттілігін негіздеу. Мұғалімдер мен оқушылардың көзқарастары.
Мақсаты:	Мұғалімдер топтық жұмысты ұйымдастыру әдістемесіне талдау жасайды және ынтымақтастықта оқыту туралы қорытынды шығарады.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер топта формалды және сапалы түрде жұмыс істейтіндердің арасындағы айырмашылықты ескере отырып, шағын топтағы жұмыс моделін құрады жіне оқыту мен оқу әдістемесіне өзгеріс енгізу керектігі жөнінде негіздеме айтады.
Түйінді идеялар:	<p>Мұғалімдердің бір-бірімен бірлескен жұмысының бірінші сабағын ұйымдастыру сапасы оқудың бұдан әрі қалай жүретініне түбекейлі әсер етеді. Осыған байланысты жұмысты сергіту сәтінен (разминка) бастап, тренерлер сабактарында қолданатын оқыту мен оқу тәсілдерінің негізінде тиісті модельді құру арқылы шағын топтардағы жұмысты ұйымдастыру әдістемесіне мысалдар келтірген маңызды.</p> <p>ӘҮДҰ есептері мен білім беру саласындағы әлемдік көшбасшы елдердің нәтижелері негізінде әлемнің қарқынды өзгеруі жағдайында оқушыларға қойылатын жаңа талаптар жөніндегі түсінігін қалыптастыру. Мектептерге олардың оқушыларын табысты жұмыс істеуге дайындау және өмірлік жағдайларда олардың бәсекелестікке қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін инновациялық кәсіби дағылар мен білімдерді ұсыну.</p>
Сабак барысы:	
1-сабак	<ul style="list-style-type: none"> • Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. • Сабакқа қатысатын адамдардың психологиялық ахуалын, олардың мазасыздандының сипаты мен табиғатын анықтау. Тындаушылардың мазасыздығын басуға болатын әдістер мен тәсілдерді іздеу және шығармашылық жұмыс үшін қажетті атмосфера құру. <p><i>Ресурс: «Танысу» сергіту сәтіне арналған жаттығу (Білім беру платформасын қара).</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Шағын топта жұмыс істеу ережесі. Шағын топтарда жұмыс істеу артықшылықтарын түсіндіру және негіздеу. Топтық жұмысты ұйымдастыру әдістемесі. <p><i>Ресурстар:</i></p> <p><i>Таныстырылым: Ұнтымақтастық пен өзара әрекеттестіктегі жұмыс (Білім беру платформасын қара).</i></p> <p><i>Топтық жұмыс туралы нұсқаулық (Білім беру платформасын қара).</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Топтық жұмысты бақылау және бағалау. Шағын топтарда жұмыс істеудің өзіндік ерекшеліктері. <p><i>Ресурс:</i></p> <p><i>Топтық жұмыс туралы нұсқаулық (Білім беру платформасын қара).</i></p> <p><i>Бейнеказба: Ауысып отыратын топтар (Білім беру платформасын қара).</i></p> <p><i>Әлеуметтік өзара әрекеттестікті ұлғайту: топтық жұмыс жүргізу (Білім беру платформасын қара).</i></p>

1-күн	1-2-сабактар
	<ul style="list-style-type: none"> Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: Тыңдаушыларға тренерді таныстыру. Сергіту сәтін орындау. <i>Ұсынымдар:</i> 15 адамнан екі сап құрыңыз, оларды беттестіріп тұрғызыңыз. Әр жұпқа 20 секундтың ішінде мүмкіндігінше көп адамдармен амандастып, сосын қарама-қарсы жаққа кетуді ұсыныңыз. Топта жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру үшін мұғалімдердің жұп болып жұмыс істеуі. Тиісті кестелерді қолдана отырып, шағын топтарда жұмыс істеп отырған окушылар туралы қысқа бейнежазбаларды қарau. Тиісті нұсқаулық негізінде топтағы жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында мұғалімдердің пікірлерін талқылау және оларға арналған ұсынымдар бойынша шешім қабылдау. <p>Қосымша оқу: Мұғалімге арналған нұсқаулық.</p>
2-сабак	<ul style="list-style-type: none"> Жоғары белсенділікті талап ететін жаттығу. XXI ғасыр дағдыларының сипаттамалары. Диалогқа көмектесу мақсатында бейнежазбаны көрсету: http://www.youtube.com/watch?v=rvyP-cwpHN8&feature=colike. Қосымша CISCO таныстырылымын пайдалану ұсынылады. <p><i>Ресурс:</i> <i>Таныстырылым:</i> <u>XXI ғасыр дағдылары</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). Стикер, қалам, флипчартқа арналған қағаз.</p> <ul style="list-style-type: none"> Мұғалімдердің көзқарастары: төменде көрсетілген ресурстармен танысыңыздар. <p><i>Ресурстар:</i> <u>Мұғалімдер неліктен өзгеруі керек?</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Бейнежазба:</u> <u>«Оқушы үні»</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). • Окушылардың көзқарасы. Бейнежазбаны қарau.</p> <p><i>Ресурстар:</i> <u>Мінсіз оқушының сипаты</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Әртурлі бес елдегі мінсіз оқушының сипаттамасы</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> Мұғалімдердің құзыретті мұғалім туралы көзқарасы. Қазақстандық мұғалімдердің құзыретті мұғалім моделі туралы көзқарасын басқа елдегі мұғалімдердің пікірімен салыстыру. Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: <ul style="list-style-type: none"> Бейнежазбалар мен таныстырылымды талқылау үшін ұстаздардың топтарда бірлесе жұмыс істеуі. Әр қатысушы жұптың көргендері мен естігендерінің нәтижесі бойынша өз сезімдерін сипаттайтын анықтауыштарды айқындауы және жазуы. Топтағы жұмыстардың корытындыларын талқылау және көрсету. Қарсы пікір білдіретін әріптестер үшін және ойлану қажеттілігін дәлелдеу және әріптестердің XXI ғасыр дағдыларына қойылатын талаптарға қол жеткізу мақсатында оқыту және оқу тәжірибесіне өзгерістер енгізу үшін постер немесе PowerPoint форматында таныстырылым әзірлеу. Рефлексия «Мен үшін бүгін ... құнды болды, себебі ...» </p>

2-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	1-сабак: Сыныпты қадағалау әдістемесі. 2-сабак: Мұғалімдерге нені білу міндет? Сынып мәдениеті мен оқу ортасы.
Мақсаты:	Мұғалімдер сыныпта қадағалау жүргізу әдістемесіне талдау жасайды және ғаламдық мәдени айырмашылықтар, қоршаған орта факторларының сынып мәдениетіне әсері туралы қорытынды шығарады.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер өздерінің сыныпта қадағалау жүргізу дағдыларын бағалайды, қадағалаудың құрылымдалған және құрылымдалмаған түрлерін салыстырады. Сонымен қатар мәдениет санатына анықтама беріп, аталған термин оқу ортасымен қалай байланысатының түсіндіреді.
Түйінді идеялар:	Қадағалау – ақпарат жинау мен мектепте (сыныпта) болып жатқан оқиғалар туралы толығырақ мәлімет алудың пәрменді тәсілдерінің бірі. Адамдар күнделікті қолданатын «бағдарламалық жасақтама» түріндегі мәдениет. Проблемалық мәселелер: аталған «бағдарламалық жасақтама» бүкіл үлт үшін ортақ па? Қоғамдастық үшін ше? Көсіпқойлар тобы (мысалға, мұғалімдер) немесе оқушылар тобы үшін ше? т.б. Мәдениет құбылысын түсінуге қатыстылықты түсінудің маңыздылығы. Мәдениет құбылысының маңызды болып көрінуіне қарамастан, оны бірқатар «мәдениет» түрғысынан қабылдау қажеттілігі және «мәдениетаралық» іс-қимылдың мәнін анықтау. Өз мәдениетін шамамен алғанда дара мәдениет болып табылатын өз мәдениетінің ішіндегі әртүрлі айырмашылықты пайымдайтын жалпы мәдениет нормаларының арасалмағымен жайғастыру.
Сабак барысы:	
1-сабак	<ul style="list-style-type: none"> Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу; Бейне-қадағалау: Қадағалаудың «құрылымдалған» және «құрылымдалмаған» кестелері қолданылған сабактардың біреуінің бейне түсірілімін қараяу. <p><i>Ресурстар:</i> <u>Бақылаудың құрылымдалған кестесі</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Бейнеказба:</u> «<u>Назарбаев Зияткерлік мектебі</u>» Астана қ. (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: Мұғалімдердің жұптық жұмысы. Мұғалімдерге арналған тапсырмалар: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Жұптардың біріне «құрылымдалған» қадағалау кестесін беру; басқасына ешқандай нұсқаулықсыз сабактың бейнеказбасы бойынша жазба жүргізуге ұсыныс беру. ✓ Рөлдерді ауыстыру; әр мұғалімнің жасаған жазбасын талқыламастан бейнеказбаны қараяу. ✓ Сабактың бейнеказбасын қарағаннан кейін мұғалімдердің өз жазбаларымен алмасуын үйімдастыру. Жұп болып жұмыс істеген мұғалімдердің пікірлерін зерделеп, талдау, олардың бейнеказбаны қараяу нәтижелері бойынша ұсынымдары. ✓ Мұғалімдердің пікірлерін бірлесе талқылау үшін жұппен жұмыс істеп отырған мұғалімдердің барлығын төрт адамнан тұратын үлкен топ құру мақсатында ықпалдастыру. </p>

2-күн	1-2-сабактар
2-сабак <ul style="list-style-type: none"> Жоғары белсенділікті талап ететін жаттығу. Мәдениет сипаттамасының мәні. Кеңейтілген мәнмәтін. <p><i>Ресурс:</i> <u>Мәдениет дегеніміз не? (Білім беру платформасын қара).</u></p> <ul style="list-style-type: none"> Мектеп мәдениеті: ұғым мазмұны. Мектеп және мектеп мәдениеті туралы ұсынылған ресурстармен танысу. Ресурста берілген ақпаратты қазақстандық білім беру мәдениеті жағдайында бейімдеу мүмкіндігін анықтау. <p><i>Ресурстар:</i> <u>Мектеп және сыныптағы ахуал (Білім беру платформасын қара).</u> <u>Сынып мәдениеті туралы оқушының берген бағасы (Білім беру платформасын қара).</u></p> <ul style="list-style-type: none"> Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: ✓ Мұғалімдердің «Мәдени белсенділік дегеніміз не?» деген тапсырманы орындау үшін жұп болып жұмыс істеуі және бұдан кейін басқа жұптағы мұғаліммен нәтижелерін өзара алмасу. ✓ Жұп болып жұмыс істеу кезеңінде зерттеулермен таныстыру және оны жүргізу қағидаттарын қазақстандық мәдениет мәнмәтіні жағдайына бейімдеу. • Рефлексия «5/4/2» 	

3-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы: <p>1-сабак: Мұғалімнің мінсіз мұғалім туралы қалыптасқан ұстанымдарын зерттеу.</p> <p>2-сабак: Оқушылардың пікірі бойынша құзырлы мұғалімнің сипаттамасы қандай? Мұғалімнің оқушылардың жеке ерекшеліктері туралы қалыптасқан ұстанымдарын зерттеу.</p>	
Максаты: <p>Мұғалімдер өздерінің тәжірибесі негізінде сапалы оқыту мен оқудың үлгісіне талдау жасайды.</p>	
Оқу нәтижесі: <p>Мұғалімдер мінсіз оқушы мен мінсіз мұғалімнің анықтамасын береді және сапалы оқыту мен оқудың нақты критерийлерін әзірлейді.</p>	
Түйінді идеялар: <p>Сапалы оқытудың тұжырымдамалық негіздерінің күрделілігін және көп мағыналылығын түсіну; сапалы оқытуды анықтау үшін әдетте қолданылатын критерийлерді сын тұрғысынан ойластыру.</p> <p>«Сапалы оқыту» ұғымының мазмұны туралы тұжырымдама түсіндіруге күрделі және маңызды.</p> <p>«Сапалы оқытуды» анықтау үшін жиі қолданылатын көздер жеткіліксіз.</p>	

3-күн	1-2-сабактар
Сабак барысы:	
1-сабак <ul style="list-style-type: none"> • Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. • Мұғалім кәсібілігі құбылысын зерделеу. <p><i>Ресурс:</i></p> <p><u>Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін зерделеу</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> • Көрінетін оқу. <p><i>Ресурс:</i></p> <p><u>Таныстырылым: «Көрінетін оқу»</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> • Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: ✓ Күзыретті мұғалімге қажетті қасиеттер мен дағдылар тізімін жасау үшін әртүрлі мектептердің әртүрлі тәжірибелері бар педагогтерінен құралған шағын топтардағы мұғалімдердің бірлескен жұмысы. ✓ Интербелсенді слайд-шоудың көмегімен тыңдаушылар тобын зерттеуши Хэтти әзірлеген халықаралық жобаның деректерімен таныстыру. </p></p>	
2-сабак <ul style="list-style-type: none"> • Жоғары белсенелілікті талап ететін жаттығу. • Мұғалімдердің мінсіз окушыға тән сапаларына қатысты өз пікірлерін жазбаша баяндауы. <p><i>Ресурс:</i></p> <p><u>Мінсіз окушы қандай болмақ?</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> • Карточкаларды талдау бойынша жаттығулар орында. <p><i>Ресурс:</i> <u>Мінсіз окушының сипаты</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> • Мұғалімдердің жауаптарын басқа елдегі мұғалімдердің нәтижелері деректерімен салыстыру. <p><i>Ресурс:</i></p> <p><u>Әртүрлі бес елдегі мінсіз окушының сипаттамасы</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> • Үнталандыру мақсаты. <p><i>Ресурс:</i></p> <p><u>Таныстырылым: Оқу және үнталандыру</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> • Окушыларға жүргізілген сауалнама нәтижелерімен жұмыс. ✓ 2–3 мұғалімнен тұратын шағын топтар жазбаша түрде жекелеген окушылардың проблемасын шешу арқылы анықтайды. ✓ Бұдан әрі 6 адамнан тұратын үлкенірек топтарда пікір алмасу қажет, содан кейін тренерлер пікірлерге шолу жасайды және оқытудың үнталандыру теориясына негізделген қорытындыға келеді. <p><i>Ресурстар:</i></p> <p><u>Окушылардың бейнелері</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Тренерлердің ескертпелері</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> • Рефлексия «Мен үшін ... ең құнды болды, себебі ...» <p>Қосымша оқу:</p> <p><u>Мектепте жастардан кеңес алу</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Оқыту мен оқу мәселесі бойынша окушылардан кеңес алу</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Оқушылардан кеңес алуудың ұлттық мәнмәтіні</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>ХХ ғасырдың озық білім беру теориясы мен тәжірибесі</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p> </p></p></p></p></p>	

4-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	<p>1-сабак: Бұдан әрі даму бағыттары мен басымдықтарын анықтау үшін жеке тұлғаның құндылықтары мен көзқарастарын нақтылау.</p> <p>2-сабак: Оқыту және оку әдістемесін жетілдіру мақсатында зерттеу жүргізу қажеттігін негіздеу және мойындау. Сыныптағы психологиялық ахуал.</p>
Мақсаты:	Мұғалімдер зерттеулер мен жетілдіру арқылы кәсіби дамудың қажеттілігі туралы қорытынды жасайды.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер құндылықтар мен басымдықтар жүйесіне қатысты өздерінің көзқарастарын дәлелдейді, сыныптағы жағымды атмосфера және ұжымдық сезімнің қалыптасуы үшін ұжымның тәртібі мен ұйымдастырушылығының мәнін бағалайды.
Түйінді идеялар:	<p>1) Оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру жөніндегі жұмыстағы көпнұсқаулық мұғалімнің кәсіби рөлінің маңызды құрамды бөлігі болып табылады.</p> <p>2) Жетілдіру жөніндегі жұмыс тек қана мұғалімнің өз тәжірибесін жақсартып қана қоймайды, сонымен бірге мектептегі басқа да мұғалімдердің тәжірибесіне әсер ете алады.</p> <p>Табысты оқыту мен оқудың маңызды аспектің ретінде оқуды онтайландыруға, мұғалім мен оқушыларды өзін-өзі іске асырудан қанағаттану сезімін қамтамасыз етуге, жақсы және ұйымдастық жұмыс ахуалын сақтап тұруға әсер ететін өзара қарым-қатынас сипатын түсіну.</p>
Сабак барысы:	
1-сабак	<ul style="list-style-type: none"> Команда құруға арналған жаттығу. <p>Тәжірибедегі құндылықтар, ұстаным және стратегиялық іс-әрекет.</p> <p><i>Ресурстар:</i></p> <p><u>Тәжірибедегі құндылықтар, ұстаным және стратегиялық іс-әрекет (Білім беру платформасын қара).</u></p> <p><u>Мұғалімнің құндылығы мен міндеттерін анықтау (Білім беру платформасын қара).</u></p> <p><u>Құндылықтарыңыз, ұстанымыңыз және тиісті стратегиялық іс-әрекеттерінің туралы идеяларыңызды дамыту (Білім беру платформасын қара).</u></p> <p>Кейінгі жұмыс: Өз блогтарында бір күндік сабактарының қорытындысы туралы өз пікірлерін білдіру.</p> <p>Қосымша оқу:</p>
2-сабак	<ul style="list-style-type: none"> Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. Өз сыйныбындағы эмоциялық-психологиялық ахуал бойынша рефлексия. <p><i>Ресурс:</i></p> <p><u>Оқу мәдениеті сіздің сыныптағы оқушыларға қалай әсер етеді? (Білім беру платформасын қара).</u></p> <ul style="list-style-type: none"> Оқушыға өзінің түсінбегендігін мойындауы маңызды екенін түсінуге қалай көмектесе аламыз? <p><i>Ресурстар:</i></p> <p><u>Мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты көңейту мүмкіндіктері (Білім беру платформасын қара).</u></p> <p><u>Мұғалім-оқушы өзара әрекеттестігі (Білім беру платформасын қара).</u></p> <p><u>Болашақтың мектебі (Білім беру платформасын қара).</u></p> <ul style="list-style-type: none"> Күн бойынша рефлексия: ✓ «Мен бүгін өзіммен бірге ... аламын, себебі ...» ✓ «... туралы ойлану қажет, себебі ...» ✓ «... лақтырып жіберемін, себебі ...»

5-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	1-сабак: Оқудағы кедергілерді анықтау. Оқудың аффекттік теориясы. 2-сабак: Оқушыларды ынталандыру. Оқушылардың оқу туралы пікірін анықтау (оқушыдан кеңес алу).
Мақсаты:	Мұғалімдер оқушының оқуында туындауы мүмкін кедергілерді анықтайды және олардың оқуға деген ынтасын сақтап қалу мақсатында оқушыларға қолдау көрсету әдістеріне талдау жасайды.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер оқудағы кедергілердің алуан түрлі сипаттамаларын (зияткерлік, әлеуметтік және эмоциялық), оқытудың ынталандыру теорияларын, «қиын» оқушылармен жұмыс істеу әдістерін талдайды. Сонымен қатар оқушылардан кеңес алу рәсіміне қатысты тәсілдерді әзірлейді.
Түйінді идеялар:	<p>Өздерінің оқуға қабілетті екендігіне сенімді оқушылар материалды тез әрі жақсы игереді. Олар ойларын оңай жинақтайды, терең ойланады, оқудан ләззат алады, ішкі бақылау жұмыстары мен сыртқы тексерістерде жоғары нәтижеге қол жеткізеді. Оларға оқу оңай, олар оқу үдерісінен рахат алады. Оқушылардың ынтасын басқара алатын мұғалімдер оларды дамыту жолдарын белгілеуде негізгі рөл аткарады. Болашақты болжауға болмайды, бірақ оның қалыптасу белсенділігі қазірден басталады және қазіргі кезде не істеліп жатса да, жастардың қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Сондықтан мұғалім оқу қабілеттерін қалыптастыратын немесе шектейтін күштерді белгілей отырып, белгілі бір педагогикалық амалдарды таңdap, жастарға өз әлеуеттерін ашуға, сол арқылы ең үздік оқушы болуға көмектесуге тиіс. Біз оқушылардың әртүрлі себептермен: кейде зеріккендіктен, ауыр жұмыстан жалтару мақсатында, сыныптағы шудан қажыған себепті немесе дер кезінде мұғалімнің көмегін ала алмай қалған жағдайда, не кезекті тапсырмадан гөрі қоғамдық өмір қындықтары жайлыштың әңгіме мен ойлардың оған маңыздырақ болуы және тағы басқа да жайттар орын алғанда сабактың білім беру үдерісінен «тыс қалатының» жақсы білеміз.</p> <p>Аталған мәселелер – оқыту мен окуда күнделікті кездесіп отыратын проблемалар, бірақ оларға көніл бөлмей, назардан тыс қалдыратын болса, онда оқушылар бұл мәселелерді күнделікті мектеп өмірінде кездесетін қалыпты жағдай деп қабылдауы мүмкін, осының нәтижесінде белгілі бір уақыт өткеннен кейін олардың алдында мектепке және оқуға қызығушылығы бәсендеген проблема туынрайды. Қажетті қызығушылықта қол жеткізу жолдары – кездесетін қындықтарға, сынақтарға дайын болу және сынып жұмыстары мен мектептегі әртүрлі іс-шараларға белсенді қатысуын үйымдастыру, сонымен бірге жұмысқа икемделген сыныптастарының қолдауына да байланысты. Ал мұғалімнің адамгершілігі мен кәсіби сапасы үздік нәтижеге жету мүмкіндігін еселеіт түседі.</p> <p>Жас адамдардың бүгінгі және ертеңгі әлемдегі жастар рөлінің маңызы туралы акпаратты айтудағы және оны тындау құқығын иеленудегі артып келе жатқан қажеттілігін түсіну күн асқан сайын барынша қолдау табуда. Бала құқығы бойынша БҰҰ Конвенциясында (1989) төрт негізгі қағидаттардың бірі балалардың өздерін тындау құқығы деп аталды. Аталған идея азаматтың үздіксіз оқу үдерісіндегі құқықтары мен міндеттері жөніндегі оқу бағдарламасының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Маңызы жағынан оқушыларды қалай тындау қажет және оларды оқуға қалай үйрету қажет деген мәселе мұғалімдер үшін қалай оқыту және қалай оқу проблемасімен тең проблема болып табыла ма?</p>

5-күн	1-2-сабактар
Сабак барысы:	
1-сабак <ul style="list-style-type: none"> Команда құруға арналған жаттығу. PowerPoint таныстырылымын көрсету. <p><i>Ресурс:</i> <u>«Оқудағы кедергілерді анықтау»</u> таныстырылымы (<i>Білім беру платформасын қара</i>). • Пікірталасты қыздыру үшін әсерлі күштер сызбасын пайдаланыңыз.</p> <p><i>Ресурс:</i> <u>«Оқушылардың оқуына әсер ететін факторлар»</u> кестесі (<i>Білім беру платформасын қара</i>). • Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: Тиімді окуга кедергі жасауды мүмкін болатын құбылыстар туралы мұғалімдерге арналған ақпараттық постер жасау мақсатындағы жұптық жұмыс. • Оқудың ынталандыру мақсаттары.</p> <p><i>Ресурс:</i> <u>«Оқу және ынталандыру»</u> таныстырылымы (<i>Білім беру платформасын қара</i>). Оқушының белсенділік деңгейін анықтауға арналған саулнамамен жұмыс.</p> <p><i>Ресурс:</i> <u>Оқушылардың бейнесі</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). • Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: ✓ 2–3 адамнан тұратын шағын топтар оқушылардың саулнамалары нәтижелері бойынша анықталған проблемалардың негізінде қорытынды жасайды. ✓ 6 адамнан тұратын үлкен топтарда пікір бөліседі және содан соң тренерлер идеяларды қарастырады. ✓ Тренер кіші топтардың пікірлерін тыңдаپ, оқытудың ынталандыру теориясына негізделген шешім қабылдайды.</p>	
2-сабак <ul style="list-style-type: none"> Жоғары белсенділікті талап ететін жаттығу. Оқуды жоспарлаудағы тиімді тәсіл ретінде қолдану үшін ерекшеліктері мен ықтимал мүмкіндіктерін анықтау мақсатында оқушылардан кеңес алу әдісіне талдау жүргізу. <i>Оқушылармен жұмыс істегендеге қолдану үшін саулнама параграфарын әзірлеу.</i> <p><i>Ресурстар:</i> <u>Оқыту мен оқу жөнінде оқушылардан кеңес алу</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Сабак бойынша кері байланыс</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). • Кеңес алу әдісін талдау үшін төрт адамнан тұратын шағын топтарда жұмыс істеу.</p> <p><i>Ресурс:</i> <u>Оқушылардан кеңес алу</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). • Нақты мектеп мәннәтініне бейімделген кеңес берудің шамамен алғандағы сызбасын әзірлеу. • Күн бойынша рефлексия «Мен өзіммен бірге бүгін ... алып кетемін, себебі ...»</p>	

6-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	1-сабак: Окудағы әлеуметтік өзара іс-қымыл, әлеуметтік өзара іс-қымыл ауқымын көңейту. 2-сабак: Сабактың интербелсенді және инклюзивті болуын қамтамасыз ету.
Мақсаты:	Мұғалімдер окудағы әлеуметтік өзара іс-қымылдың және оқу үдерісіндегі инклюзивтілік қағидаты маңыздылығының себептерін анықтайды..
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер оқу үдерісінде «мұғалім-оқушы» жүйесіндегі әлеуметтік өзара іс-қымыл табиғаты туралы қорытынды жасайды және олардың өзара іс-қымылдының мүмкіндіктерін көңейту әдістемесін талдайды.
Түйінді идеялар:	Әлеуметтік өзара іс-қымыл мәні және оның маңызын негіздеу өзекті болып табылады, себебі олар барлық оқушылар үшін тиісті орта қалыптастыруға ықпал етеді.
Сабак барысы:	
1-сабак	<ul style="list-style-type: none"> Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. «Әлеуметтік өзара іс-қымыл» санатын анықтау – Александр (Alexander) зерттеуін зерделеу жөніндегі материалдар. Сыныпта мұғалімнің оқушыларды оқу үдерісіне тарту жұмысын қадағалау. Дәлелдемелерді ұсына отырып, әрбір оқушының тартылу деңгейін анықтау. <p><i>Ресурс:</i> <u>Өзара әрекеттестік үдерісін қадағалау (Білім беру платформасын қара).</u></p> <p>Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: Мұғалімдер оқу үдерісін жетілдіру мақсатында өзара іс-қымыл жасайтын сынып моделін жұпта талқылау.</p> <p>Сыныптың «инклюзивтілігін» анықтау критерийлерін жұпта талқылау. «Инклюзивті» сыныпқа тән белгілер.</p>
2-сабак	<ul style="list-style-type: none"> Жоғары белсенділікті талап ететін жаттығу. Сыныптың «инклюзивтілігін» анықтау критерийлерін жұпта талқылау. «Инклюзивті» сыныпқа тән белгілер. «Инклюзивтілік» санатының мәні. Мұғалімнің инклюзивті мектеп, сынып моделі туралы түсінігі. Интербелсенділікті қамтамасыз ету әдістері мен тәсілдерін анықтау. <p><i>Ресурстар:</i> <u>Кейс-стади: Математикалық пікірталас сапасын арттыру (Білім беру платформасын қара).</u> <u>Әңгімелесу дағдыларын жетілдіру арқылы инклюзивтілікке қол жеткізу (Білім беру платформасын қара).</u> <u>Социограмма жасау жөніндегі нұсқаулық (Білім беру платформасын қара).</u> <u>Социограмма үлгілері (Білім беру платформасын қара).</u></p> <p>Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Инклюзивті және интербелсенді сыныптарды қалыптастыру мақсатында мұғалімдер пайдалана алғатын тәсілдер мен өзгерістерді тандау бойынша міға шабуыл жүргізу. ✓ Тұжырымдамалық карта жасау. • Рефлексия «3/2/1

7-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	<p>1-сабак: Оқудағы кедергілерді анықтау. Оқудағы кедергілерді, соның ішінде жас ерекшеліктері проблемаларын жеңу мақсатындағы педагогикалық тәсілдерді тандау және нақтылау.</p> <p>2-сабак: Оқушылардың қабілеттері және оқуға жағымды көзқарастары.</p>
Мақсаты:	Мұғалімдер оқуда туындауы мүмкін барлық кедергілерге талдау жасайды және оларды шешу жолдарын ұсынады.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер өздерінің тәжірибесі негізінде кедергілерді азайтудың әдістерін әзірлейді.
Түйінді идеялар:	<p>Сынып жағдайында оқытудағы кедергілерді білу.</p> <p>Оқушыларды оқытудың тиімділігін қалыптастыруға ықпал ететін факторлар.</p> <p>Оқушылардың он көзқарасы мен оң қүйі оқу үдерісінің сапасына белгілі бір жағдайда әсер етеді.</p>
Сабак барысы:	
1-сабак	<ul style="list-style-type: none"> Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. Жұп болып жұмыс істеп отырган мұғалімдерді оқушылардың жоғары нәтижелерге қол жеткізуіне кедергі болатын факторларды анықтау жөнінде міға шабуыл. Бұдан кейін топтар ұсынған мәліметтер негізінде жалпы тізбені әзірлеу. Аталған тізбені 1-тапсырмадағы оқудағы кедергілер тізбесімен салғастыру және барлық қатысушыларды оның нәтижесімен таныстыру. Түйінді идеяларды жазып алу үшін төрт адамнан тұратын топта жұмыс істеу. Топтарды нәтижелермен таныстыру. <p><i>Ресурс:</i> Флипчарт. <u>Оқушыларға оқудағы кедергілерді жеңуге қалай көмектесу керектігі мәселелері бойынша мұғалімдерге кеңес беру стратегиясы (Білім беру платформасын қара).</u></p>
2-сабак	<ul style="list-style-type: none"> Жоғары белсенділікті талап ететін жаттығу. Сұрақ қоюды ынталандыру үшін таныстырылымды пайдалану. <p><i>Ресурс:</i> Таныстырылым: <u>Тәжірибелі өзгерту (Білім беру платформасын қара).</u></p> <ul style="list-style-type: none"> Мұғалімдердің стикерлерге жазылған сұрақтары. Двек идеясы және сауалнама жүргізу. <p><i>Ресурс:</i> <u>АҚШ-та жүргізілген профессор Двэктің зерттеуі (Білім беру платформасын қара).</u></p> <ul style="list-style-type: none"> Рефлексия «Мен үшін бүгін ... құнды болды, себебі ...»

8-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	1-2-сабактар: <i>Қалай оқу керектігін үйренудің мәні.</i> Мұғалімнің оқушылардың қалай оқу керектігін үйрену қабілеттерін дамыту жөніндегі әрекеттері.
Мақсаты:	Мұғалімдер балалар өз окуы туралы біletін және өзінің эмоцияларын, ынтасы мен әлеуметтік қарым-қатынасын басқару үшін көбірек мүмкіндік алатын, өзін-өзі реттейтін оқушы ретінде дамуына ықпал ететін шарттар мен факторларды зерделейді.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер өзін-өзі реттейтін оқудың мәні мен маңызы туралы қорытынды жасайды. Оқушылардың өзін-өзі реттейтін оқуын көрсететін мінез-құлықты бақылайды және бағалайды. Сонымен қатар өзін-өзі реттейтін окуга ықпалын тигізетін кәсіби тәжірибе түрлеріне талдау жасайды.
Түйінді идеялар:	Тіпті кішкентай балалардың өздері, тиісті жағдай жасалса, өздерінің окуы үшін үлкен жауапкершілік алуға қабілетті. Балалар ерте жастан бастап оқу үдерісін түйсіне бастайды, оқу тапсырмаларын орындағанда өз тәсілдерін қолдана біледі, сондай-ақ өздерін жақсы оқушы ретінде ұснына алады. Өзін-өзі реттеу мен метатанымдық қабілеттерді дамыту баланың алғыр оқушы болу ықтималдығының негізгі көрсеткіші болып табылатынын көрсетті. Мұғалімдер жоғары сапалы педагогикалық тәжірибелің көмегімен осы салаға барынша мол улес қоса алады.
Сабак барысы:	
1-2-сабактар	<ul style="list-style-type: none"> Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. 3–5 жастағы баланы тексеру парагы. <p><i>Ресурстар:</i></p> <p><u>3–5 жастағы балалардың өздігінен білім алуын тексеру парагы</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p> <p><u>Өзін-өзі реттеудің дәлелдері</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p> <ul style="list-style-type: none"> Бейнежазбаларды талдау. <p><i>Ресурстар:</i></p> <p><u>Оз бетінше окуды дамытуды бақылау парагы</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p> <p><u>Өзін-өзі реттеу дәлелдерінің улгісі</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>.)</p> <ul style="list-style-type: none"> Күн бойынша рефлексия «+ - ?» <p>Қосымша оқу: <u>Балалардың өзін-өзі реттеуін бақылау:</u> 3–5 жастағы балаларды тексеру парагы (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p>

9-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	1-2-сабактар: Бүкіл зейінді және педагогикалық амал-тәсілдерді оқушыларға бағыттау және оларға қалай оқу керектігін үйренуде көмек көрсету. Қалай оқу керектігін үйренуге қатысты оқыту әдістері мен тәсілдеріне басты назар аудару.
Мақсаты:	Мұғалімдер балалар өз окуы туралы білетін және өзінің эмоцияларын, ынталасы мен әлеуметтік қарым-қатынасын басқару үшін көбірек мүмкіндік алатын, өзін-өзі реттейтін оқушы ретінде дамудың әдістемесін талдайды.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер өзін-өзі реттейтін оқудың дағдыларын дамыту бойынша ұсыныс әзірлейді.
Түйінді идеялар:	<p>Тіпті кішкентай балалардың өздері, тиісті жағдай жасалса, өздерінің окуы үшін үлкен жауапкершілік алуға қабілетті.</p> <p>Балалар ерте жастан бастап оку үдерісін түйсіне бастайды, оқыту тапсырмаларына өз тәсілдерін ұйымдастыра біледі, сондай-ақ өздерін жақсы оқушы ретінде ұсына алады.</p> <p>Өзін-өзі реттеу мен метатанымдық қабілеттерді дамыту баланың алғыр оқушы болу ықтималдығының негізгі көрсеткіші болып табылатынын көрсетті.</p> <p>Мұғалімдер жоғары сапалы педагогикалық тәжірибеленің көмегімен осы салаға барынша мол улес қоса алады.</p>
Сабак барысы:	
1-2-сабактар	<ul style="list-style-type: none"> Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. Өз бетімен оқу/өзін-өзі реттеудің 4 аспектін көрсететін бейнеказбаларды қараяу: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Пиджак кию; ✓ Балмұздақ жасау; ✓ Планшет; ✓ Кенседе. <p><i>Ресурстар:</i></p> <p><u>Өзін-өзі реттеудің дәлелдері</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p> <p><u>Өзін-өзі реттеудің тұжырымдамалық картасы</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p> <p><u>«Тұжырымдамалық карта үлгілері»</u> таныстырылымы (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p> <p><u>«Кембридждегі «Өз бетінше оқу» (CINDLE) жобасы»</u> таныстырылымы (<i>білім беру платформасын қара</i>).</p> <p>Қосымша оқу: <u>«Ерте жастағы балаларда өз бетінше оқуды және өзін-өзі реттеуді дамыту</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p>

10-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	1-сабак: Диалогтік оқытудың мәні. 2-сабак: Оку сапасын жақсарту мақсатында сабакта әңгімелесуді пайдалану әдістемесі.
Мақсаты:	Мұғалімдер тиімді педагогиканың бөлігі ретінде оқытудың диалогтік әдістерін енгізуге арналған тәсілдеріне талдау жасайды. Мысалы, жауап алу және топпен жұмыс істеу арқылы.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер жауап алу мен шағын топтардағы жұмысты қоса алғанда, әңгімені жеке оқуға ықпал ететін педагогика құралы ретінде тиімді қолдану туралы өз идеяларын тұжырымдайды.
Түйінді идеялар:	Әңгімелесу – мұғалімдер балалардың оқуға деген ынтысын оята алатын пәрменді тетік. Сыныпта диалогті қолдану арқылы мұғалімдер балалардың білім алу сапасына үлкен ықпал ете алады. Балалардың білімі мен идеясын анықтауға бағытталған шынайы әрекет оларды оқыту үдерісіне мейлінше тартуға көмектеседі.
Сабак барысы:	
1-сабак	<ul style="list-style-type: none"> Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. Бінталандыруши әңгіме туралы материалдарды талқылау және әңгіме түрлерін анықтау. <p>Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: Зерттеу материалдарын түсіндіру үшін Нейль Мерсердің кіріспе таныстырылымын пайдалану. Мұғалімдердің сұрақ қоюы және оны стикерде жазбаша ұсынуы. Шағын топтарда жұмыс істейтін мұғалімдерге сыныпта әңгімелесуді пайдаланған кезде пайда болатын кедергілерді қарастыруға арналған зерттеушілік сипаттағы диаграмма жасауды ұсыну.</p> <p><i>Ресурстар:</i></p> <p><u>Диалогті пайдалану таныстырылымы</u>(<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Топтық жұмыс туралы нұсқаулық</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Әлеуметтік өзара әрекеттестікті ұлғайту: топтық жұмыс жүргізу</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Әңгіменің бес үлгісі</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p>
	<ul style="list-style-type: none"> Жоғары белсенділікті талап ететін жаттығу. Сіздің диалог тәсіліне қатысу дәреженізді анықтау. <p><i>Ресурстар:</i></p> <p><u>Сыныптағы диалогтік тәсіл мен ағымдағы тәжірибеге көзқарас</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Белсенді және белсенді емес сабак</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>«Бірге ойлаймыз, сейлесеміз» кестесі</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> Сұхбатты жоспарлау: сыныптағы интербелсенді оқыту және сұраптар қою. </p>

10-күн	1-2-сабактар
2-сабак <p><i>Ресурстар:</i> <u>Сұхбат өткізуге арналған жоспар</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Джигсо әдісі бойынша тапсырма</u> (<i>Белсенді оқу әдістері</i>) (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Топтық жұмыстағы рөлдерді бақылау</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Жауап алу арқылы сыныптағы әңгімені дамыту</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>«Жауап алу» тақырыбының материалдары</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> • Жауап алудың тиімді дағдыларын дамыту <p><i>Ресурстар:</i> <u>Бейнеке жауаптар</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Жоғары деңгейлі сұрап құрастыруға арналған сөйлемдердің үлгілері</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Жауап алудың тиімді дағдыларын дамыту</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> • Интербелсенділікті арттыруды жоспарлау <p><i>Ресурстар:</i> <u>Топтық өзара әрекет сапасын бағалау</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Талқылауға арналған тапсырма</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Әңгіме туралы әңгіме</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>«Сиқырлы шаршының» негізгі ережелері</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>«Сиқырлы шаршы»</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Мұғалімдер сабактарда сұхбат жүргізуі бағалау және жоспарлау үшін төрт адамнан жұп болып жұмыс істейді. ✓ Топтың өзара ықпалдасу сапасын бағалау. ✓ Әріптестермен оқушылар мәтінді талқылайтын 1 және 2-диалогтардың жазбасы бойынша өзара әрекеттесу сапасын талқылау. ✓ Оқушылар әңгіме жүргізу үшін қолданатын қасиеттерді талдау. Элеуметтік ықпалдастықтың оқушылардың окуын жетілдіруге әсерін талқылау. • Күн бойынша рефлексия «Мен үшін бүтін ең құнды болған нәрсе - ..., себебі ...» <p>Қосымша оқу: <u>Мұғалімге арналған нұсқаулық</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Топтық жұмыс туралы нұсқаулық</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Элеуметтік өзара әрекеттестікті үлгайту: топтық жұмыс жүргізу</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p> </p></p></p>	

11-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	1-сабак: <i>Сын тұрғысынан ойлаудың мәні.</i> 2-сабак: Оқытуда сын тұрғысынан ойлауды пайдалану.
Мақсаты:	Мұғалімдер 21 ғасырда сын тұрғысынан ойлаудың маңызы мен өзектілігі туралы түжірим жасайды.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер өз сабактарында сын тұрғысынан ойлауды дамытудың тәсілдерін әзірлейді.
Түйінді идеялар:	Сын тұрғысынан ойлау бақылау, тәжірибе, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұфыну, бағалау, талдау және синтездеуде қолданылатын әдіс болып табылады, сонымен қатар ол әрекет жасауға негіз, түрткі болуы да мүмкін.
Сабак барысы:	
1-2-сабактар	<ul style="list-style-type: none"> Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. Визуалды және ауызша көрсеткіштерді талдау. <p><i>Ресурстар:</i> <u>Көзбен көретін айғақтар негізінде сын тұрғысынан ойлау</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Ауызша алынған ақпарат туралы сын тұрғысынан ойлау</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Миға шабуыл</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Сұралктар</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> Салыстыру, жинақтау және қолдану. <p><i>Ресурстар:</i> <u>Салыстыру және жинақтау</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Жинақтау және қолдану (тариҳ)</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Жинақтау және қолдану (география)</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> Жоғары белсенділікті талап ететін жаттығу. Oxfam көзқарасы және артефактілер. <p><i>Ресурстар:</i> <u>Жаһандық азаматтық бойынша нұсқаулық</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Талқылау құралдары</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <ul style="list-style-type: none"> Күн бойынша рефлексия «+ - ?» </p> </p></p>

12-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	1-сабак: Оқытуда сын тұрғысынан ойлауды пайдалану. 2-сабак: Сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға арналған әдістерді жоспарлау
Мақсаты:	Мұғалімдер оку үдерісінде сын тұрғысынан ойлауды дамытудың негізгі әдістерін анықтайды.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер өз пәні бойынша сын тұрғысынан ойлауды дамытуға ықпал ететін үш түрлі тапсырма әзірлейді.
Түйінді идеялар:	Сын тұрғысынан ойлау көбінесе бір нәрсені елестетуге, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекеттің жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерін енгізуге дайын болуды көздейді, ол ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге бейілділік пен басқаларды сын тұрғысынан ойлауға баулуды білдіреді
Сабак барысы:	
1-2-сабактар	<ul style="list-style-type: none"> Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. Миға шабуыл «Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз ...» <p><i>Ресурстар:</i> Білім беру туралы сын тұрғысынан ойлау <i>таныстырылымы</i> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құралдары (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p> <ul style="list-style-type: none"> Жеке жұмыс «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құралдарын өзімнің пәнімде қалай қолданатын боламын?» Оқу бағдарламасы туралы сын тұрғысынан ойлау: <p><i>Ресурс:</i> Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың мақсаттары мен құндылықтары (<i>Білім беру платформасын қара</i>). • Топтық жұмыс «Сын тұрғысынан ойлаудың әдістері»</p> <p><i>Ресурс:</i> Оқытудың жеке тұлғаға бағыттылуының он тәсілі (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p>

13-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	1-2-сабактар: Бағалау үдерісінің мақсаты. Оқу үшін бағалаудың (ОУБ) мәні.
Мақсаты:	Мұғалімдер бағалаудың маңызы туралы нақты аргументтер мен дәлелденген қорытындылар жасайды.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер оқу үшін бағалаудың мақсаттарын жіктейді және оқу үшін бағалау әдістерін енгізу бойынша ұсынымдар әзірлейді.
Түйінді идеялар:	Мұғалімдер оқушылардың нені үйренгенін жүйелі талдап, бағалап отырады. Оқушылардың оқу қарқынын тиімді бағалау оқушыларды дамытудың пәрменді әдісі болып табылады.
Сабак барысы:	

1-2-сабактар	<ul style="list-style-type: none"> • Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. <p><i>Ресурстар:</i></p> <p>«<u>Оқу</u>» таныстырылымы (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Корытынды бағалау үдерісі</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Оқушының ынтасын анықтауды рейтинглік тиімді тестілеу кезіндегі жиынтық бағалау әсері</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>). <u>Күн бойынша рефлексия «Білемін – білдім – менің сұрақтарым»</u> Қосымша оқу: <u>Мұғалімдердің жиынтық бағалауды мектепте қолдануы</u> (<i>Білім беру платформасын қара</i>).</p>
---------------------	---

14-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	Оқу үдерісін жоспарлауда ОУБ қолдану әдістемесі.
Мақсаты:	Мұғалімдер өздерінің тәжірибесін және бағалау мақсаты мен оның қолданылу әдістемесін зерделеу негізінде оқу үшін бағалаудың әртүрлі тәсілдерін әзірлейді.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер оқу үшін бағалау мәні туралы білімдерінің және оның оқыту тәжірибесінде қолдану әдістемесі негізінде қалыптастыруыш бағалаудың формалары мен әдістерін әзірлейді.
Түйінді идеялар:	Бағалау үдерісінің (оқу үшін бағалау) оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі екенін түсіну мұғалімдердің түйсігінде үлкен өзгерістердің жүзеге асырылуын талап етеді, себебі олар бағалауды оқу үдерісін аяқтайтын үдеріс ретінде дәстүрлі түрде қабылдауға үйреніп алған.

Сабак барысы

1-сабак	<ul style="list-style-type: none"> • Кіріспе. Бағалауға арналған жаттығу. Мысалы, әрбір үстелде үлкен және кішкентай қызыл, жасыл және сары түсті, алма салынған ваза түрады. Критерийлерді ойлап шығарып, алмаларды бағалау керек. Тақырыпқа көшу – тренер бір мағыналы критерийлердің маңыздылығын атап өтеді. • Қызығушылықты ояту кезеңі. <u>Эйфель мұнарасы</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). Мұғалімдер мұнараны бағалаудың критерийлерін әзірлейді (орнықтылығы, биктігі, мұнараны құрастыруға жіберілген уақыт, т.б.). Содан кейін топтар жасалған мұнара үлгілерін өзара бағалайды. • Рефлексия. Критерийлермен алмасу бойынша семинар. <p><i>Ресурстар:</i></p> <p>Бағалаудағы мұғалімнің рөлі (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). <u>Корытындылар парагы</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). <u>Критерийлерді талқылау</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). Оқушылармен сабак мақсаттарын талқылау (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). <u>Жазбаның мақсаты</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>).</p>
----------------	---

14-күн	1-2-сабактар
2-сабак <ul style="list-style-type: none"> Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. Өзін-өзі және өзара бағалау бойынша семинар. Мұғалімдер оқушыларды қалыптастырушы бағалау үшін топтарда тапсырма дайындейді. Әдістер саны – топтағы мұғалімдер санына сәйкес. <p><i>Ресурстар:</i> Таныстырылым. <u>Өзін-өзі және өзара бағалау</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). <u>Өзін-өзі және өзара бағалау бойынша оқу практикумы</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). <u>Өзін-өзі және өзара бағалау</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). Кері байланыс және қойылған бағалар бойынша түсініктеме беру. Кері байланыс және бағалаудың арасындағы айырмашылық.</p> <p><i>Ресурстар:</i> Таныстырылым. <u>Қойылған бағалар бойынша кері байланыс</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). <u>Бағаларға табысты түрде түсініктеме беру үшін орындалатын қадамдар</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). <ul style="list-style-type: none"> Әдістер таныстырылымы. Ең үздік әдістерге дауыс беру. Тренер әрбір мұғалімге «ақша» (стикерлер, смайлектер, «купюралар», «тиындар») береді. Олардың көмегімен мұғалімдер дауыс береді. «Мен бұл әдісті сатып аламын, себебі...». Қатысуышылардың рефлексиясы. «Бүгін мен өзіммен ... алғып кетемін, себебі...» </p>	

15-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	Сабакта ОУБ қолдану әдіstemесі.
Максаты:	Мұғалімдер жоспарлауда тиімді оқыту идеяларын қолдану арқылы оқу үшін бағалаудың мәні және оны оқыту тәжірибесінде қолдану әдіstemесі туралы білімдерін көрсетеді.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер оқу үшін бағалау әдістерін қолданып, сабак жоспарын әзірлейді және оқу үдерісін жетілдіру үшін оның қолданылу әдіstemесін өзара бағалауды жүзеге асырады.
Түйінді идеялар:	Бағалау үдерісінің (оқу үшін бағалау) оқыту мен оқудың ажырамас бөлігі екенін түсіну мұғалімдердің бағдарлама идеяларын іс-тәжірибеде қолдану арқылы түйіснуді талап етеді. Курс қатысуышылары өз бетімен әзірлеген әдістерді қолдана отырып, дереккөздер мен әріптестердің тәжірибесін талдау нәтижесінде өздерінің сабак жоспарларын жасайды.

Сабак барысы

1-сабак	<ul style="list-style-type: none"> • Бағалауға арналған жаттығу. • Қатысушылар ресурстарды талдайды. Тренер келесі әдісті қолданады: жұптық жұмыс (№1 бір ресурсты талдайды, №2 – басқа ресурсты, содан кейін негізгі ойларды білдіретін 3 тезиспен белгілейді және бір-бірімен бөліседі). • Мысалдармен бөлісу: <p><i>Ресурстар:</i></p> <p><u>Үй жұмысына арналған буклет (Білім беру платформасы).</u></p> <p><u>Сабактардың аяқталуы (Білім беру платформасын қараңыз).</u></p> <p><u>Оқу үшін бағалау (Білім беру платформасын қараңыз).</u></p> <p><u>Оқу үшін бағалаудың құралдары (Білім беру платформасын қараңыз).</u></p> <p><u>Өзара бағалауға жағдай жасау (Білім беру платформасын қараңыз).</u></p> <p><u>Әріптестермен бірлесіп іс-тәжірибелі жетілдіру (Білім беру платформасын қараңыз).</u></p> <p><u>Өзін-өзі бағалау және өзін-өзі реттеу (Білім беру платформасын қараңыз).</u></p> <p><u>Рефлексиялық журналдағы рефлексия (Білім беру платформасын қараңыз).</u></p> <p><u>Ойлануға арналған журнал жүргізу (Білім беру платформасын қараңыз).</u></p> <ul style="list-style-type: none"> • Мұғалімдер пән бойынша топтарға бірігеді және сабакты жоспарлауды барлық кезеңдерге қалыптастыруши бағалауды енгізіп, жүзеге асырады. Мысалы, қызығушылықты ояту кезеңінде, үй жұмысын өзара бағалау кезеңінде, жаңа материалды зерделеу кезеңінде, іс-тәжірибе кезеңінде, рефлексия кезеңінде.
2-сабак	<ul style="list-style-type: none"> • Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. • Жоспарлауды жалғастыру. Тренер мұғалімдерге жекелей кері байланыс береді. • Жұптық өзара бағалау. Сабак жоспарын бағалау критерийлерін бірлесіп талқылау. Жоспарды өзара бағалаған кезде не нәрсеге назар аударамыз? Мұғалімдер жұптық жұмыста қолдана алу үшін тренер критерийлерді тақтаға жазады. • Тренер әр түрлі пән мұғалімдерін араластырып, жұптарды үйимдастырады, олар бір-біріне сабак жоспарларын ұсынады және сол жоспар шынымен де оқуды қолдауға арналғаны туралы түсініктеме береді. • Қатысушылар рефлексиясы. «Мен сізге ... үшін алғыс білдіремін». Мұғалімдер осы сабакта өздеріне ықпал еткен әріптестерін атайды. <p><i>Косямша оку:</i></p> <p><u>Оқу үшін бағалау (Білім беру платформасын қараңыз).</u></p> <p><u>«Кара жәшік ішіндегі жұмыс» (Білім беру платформасын қараңыз).</u></p> <p><u>Диалогты бағалау (Білім беру платформасын қараңыз).</u></p> <p><u>Педагогикалық диалог №2 (8) 2014 (Білім беру платформасын қараңыз).</u></p>

16-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	Оқыту мен оқуда АҚТ қолдану мақсаттары. Оқу сапасын арттыру мақсатында АҚТ қолдану әдістемесі.
Мақсаты:	Мұғалімдер оқу үдерісінде көмек көрсетуге арналған сапалы педагогикалық құрал ретінде сыйыпта АҚТ тиімді қолдану қағидаттарын әзірлейді. Озық педагогикалық тәжірибе негізінде сабак жоспарына АҚТ қолдану әдістерін енгізеді.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер оқу үдерісінің танымдық, аффекттік, әлеуметтік бөліктеріне негізделе отырып АҚТ қолданылатын сабак жоспарларын дайындауды.

16-күн	1-2-сабактар
Түйінді идеялар:	АКТ – оқуда мұғалімге көмек көрсететін педагогикалық әсерлі құрал, ол мұғалімді алмастырмайды және сабақ барысындағы оқушылардың ойын-сауығы емес. Техникалық жағынан керемет АКТ тиімді түрде қолданылмаған жағдайда белсенді емес болуы мүмкін. АКТ қолдану үш аспекттің қамту керек: әлеуметтік (оқушылар арасындағы өзара әрекеттестік), аффекттік (эмоциялық, жағымды, қызықты) және танымдық (сабақтың оку мақсатына жетуге бағытталған).
Сабақ барысы	
1-сабак	<ul style="list-style-type: none"> АКТ қолдануға арналған жаттығу. Тренер әрбір топқа ағылшын тілінде жазылған 5 сез береді, олар түрлі заттарды білдіреді және сол заттарды суретке түсіріп алу қажет. Топтардың өзара бағалауы. Рефлексия. Қандай педагогикалық әдіс қолданылды? Сын түрғысынан ойлау болды ма? Оқудың әлеуметтік құрамды бөлігі болды ма? Қандай құрылғылар қолданылды? Сабақ басында мұғалімдердің өздерінің сыныптарында АКТ қолдану туралы идеяларын талқылау және қағаз бетіне түсіру. Қатысуышыларды топтық талқылауға шақыру. <p>Қатысуышыларға арналған сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> Мектепте АКТ тиімді қолданудағы кедергілер. Сынып жағдайында АКТ-ны барынша қолдану жағдаяттары. Сыныпта АКТ қолдануда туындайтын кедергілер. <p>АКТ тиімді тәжірибесі</p> <p><i>АКТ тиімді қолдану әдістеріне назар аударту мақсатында слайдтарды (Ресурс A) көрсетіп, жаһандық жылынудың қалай жүзеге асатынын түсінірү керек (мәтін блогы). Атаптан мәтін сыныптағы кейбір оқушылар оны оқудың түрі ретінде қабылдай алмайтынына назар аударту мақсатында ағылшын тілінде ұсынылған. Содан кейін курделі диаграмманы (аударылуы мүмкін) және жаһандық жылыну туралы анимациянын көрсету керек.</i></p> <p>Қатысуышыларға үш түрлі әдіс бойынша өзлөрінің идеяларын және пәнге қатысты осы әдістердің тиімділігін талқылауға уақыт беріңіз (барлық топпен талқылауға да уақыт бөлініз).</p> <p>Топтық пікірталас нәтижесінде алыну керек жауаптар:</p> <ul style="list-style-type: none"> Мәтіннің түсініксіз болуы және оның мәнінің болмауы оқытудың дидактикалық құралдарын қолданумен берілген. Диаграмманы түсінуге болады, бірақ мазмұнын жеткізу қисынының жеткіліксіздігінен әлі де күрделі. Анимация динамикалық үдерісті құрамды бөліктерге бөледі және оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандырады.

16-күн	1-2-сабактар
	<p>Анимацияменбейнетүсірілмдерсыныпта пайдалыбылтатындықтан, олар әлі де оқудың белсенді емес формасын дамытатынына назар аударыңыз. Бұдан әрі топтарға анимацияларды анағұрлым динамикалық интербелсенді (оқушылар анимацияға өздерінің сценарийлерін жаза алар еді және т.б.) әдіспен қолдануға болатындей әдістерді анықтауды ұсыныңыз. Осы идеяларды жазу және талқылау.</p> <p><i>Ресурс:</i></p> <p>Таныстырылым: <u>сандық сауаттылық</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). Таныстырылым оқушылардың АКТ қолдану бойынша өз бетінше орындай алатын жеке операцияларды көрсетеді: анимация/бейнені тоқтату, қайта қосу және т.с.с.</p> <p>Британдық оқушылар жасаған жаһандық жылыну бойынша анимацияны және сонымен қоса аталған тақырыпты зерттеу үдерісі барысында оқушылар әзірлеген жұмыс кестесін қолдану.</p> <p><i>Ресурс:</i></p> <p><u>Жаһандық жылыну және парник әсері</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>).</p>
2-сабак	<ul style="list-style-type: none"> • Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу. • Мұғалімдерге арналған ұсыныс: сыныпта АКТ бесленді және тиімді түрде қолданылатын сабак жоспарын әзірлеу. Қындық туған жағдайда анимация/бейне қолдануға болады. Бұл жағдайда ресурсты қолдану сыныппен сапалы кері байланыс орнату, жалпы тапсырма түрінде жүзеге асады. <p><i>Ресурстар:</i></p> <p>АКТ-ның педагогикалық стратегиясы (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). Интербелсенді тақта және сыныптағы өзара әрекеттестік (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>).</p> <p>Фаламдық жылыну (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>).</p> <p><i>Ескерте:</i> Көптеген қазіргі заманғы АКТ құралдарының болуына қарамастан (интербелсенді тақта және дауыс беру құралдары, планшеттер, web-камералар және т.б.), барлық мектептің оған қол жеткізу мүмкіндіктерінің деңгейін назарға алу қажет. Дегенмен, бұл жайт мұғалімдерге сабакты жоспарлау және осы идеяларды жүзеге асыру үдерісіне кедергі болмауға тиіс.</p> <p>Келесі жұмыс:</p> <p>Сабак жоспарларын өзара бағалау. Критерий –АКТ-ны қолдануда оку үдерісінің аффекттік, әлеуметтік және танымдық белгілерінің болуы.</p> <p>Қатысуышылардың рефлексиясы. «Бүтінгі сабакта сіз үшін маңызды болған екі негізгі қорытындыны тұжырымдаңыз».</p> <p><i>Ресурстар:</i></p> <p>2.0 білім беру (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>).</p> <p>Стандартты құзыреттер модульдері (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>).</p>

17-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	Сабактың сараланған нәтижелерін даярлау. Окушыға оқу нәтижесіне жетуге және «Тәжірибедегі рефлексия» бағдарламасының тақырыптарын ықпалдастыруға көмектесетін тапсырмалар жоспарлау. Бағалау критерийлерін анықтау. Бағалау критерийлері мен жаттығулардың негізгі оқу мақсаттарымен байланысын бағамдау.
Мақсаты:	Мұғалімдер «Тәжірибедегі рефлексия» бағдарламасын ескере отырып сабакты қалай жоспарлау көректігі туралы негізгі идеяларды тұжырымдайды. <ul style="list-style-type: none"> • Білім беру бағдарламасында жазылған оқу бағдарламасынан күтілетін нәтижелерді анықтау; • Күтілетін нәтижеге қатысты әртүрлі топтағы окушылар үшін нақты бағалау критерийлерін анықтау; • Әртүрлі топтағы окушыларға бағалау критерийлеріне жетуге мүмкіндік беретін жаттығуларды жоспарлау. • Әр топтағы окушылардың бағалау критерийлеріне қаншалықты жақсы жеткенін бағалау мүмкіндігі.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер барлық окушылар қол жеткізетін, нақты өлшенетін нәтижелері бар сабакты жоспарлау тәсілдерін әзірлейді.
Түйінді идеялар:	Мұғалімдер жана білім беру бағдарламасында берілгендей окушылардың окудағы нақты нәтижелерін анықтайды. Олар окушылардың үш деңгейі мен іс қимыл жоспары бойынша бағалау критерийлерін анықтайтын болады, ол окушыларға өз табыстарын көрсетуге мүмкіндік береді. Кейбір педагогикалық ұстанымдар мен бағдарламаның стратегиялары сабак жоспарында көрсетіледі. Мұғалімдер оқытуды жандандыру және окушыларды ынталандыру бойынша жаттығу әзірлеуге жұмылдырылатын болады, ол тапсырмалар нақты оқу нәтижелеріне бағытталады.
Сабактың барысы	
1-сабак	<ul style="list-style-type: none"> • Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу; • Сабактың сараланған нәтижелерін даярлау <p>Жаттығу: Оқу бағдарламасы негізінде сараланған, нақты оқу нәтижелерін әзірлеу.</p> <p><i>Ресурстар:</i> <u>Оқу бағдарламалары</u> <u>Оқушылар мінездемесі (Білім беру платформасын қараңыз).</u></p> <p>Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: Мұғалімдер жеке оқушыларына сәйкес келетін сабактарды жоспарлау үшін нақты пәндер бойынша / жастары бойынша топтарда жұмыс істеу керек. Топтарға қатысушылар құрамы 2 бастап 4 дейін болу керек. Саны көп болса, оларды бөлу керек. Топтар оқу бағдарламасынан тақырыпты таңдалап алғып, параптың ортасына жазады. Содан соң оқушылар осы тақырып бойынша үйренуі тиіс (оқу мақсаты) деген тақырыпта «миға шабуыл» ұйымдастырады. Олардың ойлары басты тақырып айналасында өрбиді. Содан кейін топ мүшелері барлық оқушыларға қажет деп тапқан бір оқу мақсатын таңдайды. Әр мұғалім «Оқушылар мінездемесі» үlestірме материалының көмегімен жеке жұмыс істейді, онда оқу мақсатына сәйкес өз оқушыларының деңгейі, олардың не білетіні және нені білгісі келетіні туралы ойларын жазып отырады. Әр топтағы мұғалімдер өзара пікір алмасып, жалпы оқушыларға арнап оқу нәтижесінің үш деңгейі туралы шешім қабылдайды. Әр топтағы оқушылар осы сабакқа дейін білмеген нені білетінін/ үйренетінін атап көрсету көректігіне назар аударту.</p>

17-күн	1-2-сабактар
2-сабак <ul style="list-style-type: none"> Топ құруға арналған жаттығулар Оқушыға оқу нәтижесіне жетуге және «Тәжірибедегі рефлексия» бағдарламасының тақырыптарын ықпалдастыруға көмектесетін тапсырмалар жоспарлау. <p>Жаттығу: Оқушыларға оқу нәтижесіне қол жеткізуге және бағдарлама стратегиялары мен педагогикалық идеяларды іске асыруға мүмкіндік беретін тапсырмаларды жоспарлау</p> <p><i>Rесурстар:</i></p> <p><u>«Тәжірибедегі рефлексия» бағдарламасының тақырыптары мен әдіс-тәсілдері (Білім беру платформасын қараңыз)</u> <u>Сабак жоспарының үлгісі (Білім беру платформасын қараңыз)</u></p> <p>Бірлеушен жұмысқа негізделген тәсіл: Әр топ төменде көрсетілген бағдарлама әдіс-тәсілдері мен тақырыптарының қайсысын сабак жоспарында қолданатынын анықтайты (1 немесе бірнеше тандауға болады):</p> <ul style="list-style-type: none"> Зерттеушілік әңгіме жүргізуге ынталандыру үшін топтық жұмысты қолдану; Сын тұрғысынан ойлауға үйретуде жоғары деңгейлі сұрақтар қою; Оқушыларға өз оқуларын өздері реттеуге мүмкіндік беру; Өзін-өзі және өзара бағалау үшін мүмкіндік ұсыну; Инновациялық АКТ қолдану. <p>Топтар оқушы мен мұғалім іс-әрекеттерін жоспарлау үшін сабак жоспарының шаблонын пайдаланады. Бұл ретте пәннің мазмұнын, оқу нәтижелерін және Бағдарлама әдіс-тәсілдері мен тақырыптарын ескере отырып, күтілетін оқу нәтижелері барлық тапсырмалар үш деңгейлі болуына баса назар аударған жөн.</p> <p>Мұғалімдер оқу нәтижелері мен сарапланған тапсырмалар әр топ оқушыларына арналуы тиістігін есте сақтауы тиіс, айтальық олар әртүрлі деңгейдегі 3 жаттығу немесе нәтижелері әртүрлі 1 жаттығу әзірлей алады.</p> <p>Сабак жоспарын өзара бағалау. Әдісі: топтың бір өкілі мұғалімдердің әр шағын тобына сабак жоспарын таныстырады. Нәтижелерді тексеру: иә, нәтиже бар.</p> <p>Қатысушылар рефлексиясы: сабак бойынша 1 қорытынды.</p>	

18-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы:	Бағалау критерийлерінанықтау. Бағалау критерийлері мен жаттығулардың негізгі оқу мақсатымен байланысын бағамдау.
Мақсаты:	Мұғалімдер сабак табыстылығын бағалау критерийлерін әзірлейді, сабак жоспарларын өзі бағалау мен өзара бағалау кезіндегі бағалау критерийлері, жаттығулар және оқу мақсаттары арасындағы байланысты анықтайды.
Оқу нәтижесі:	Мұғалімдер әзірленген бағалау критерийлері бойынша сабак жоспарындағы оқу мақсаттарын, күтілетін нәтижелер мен жаттығуларды бағалайды.
Түйінді идеялар:	Сабактың әдістері мен тәсілдерін күтілетін нәтиженің негізінде жоспарлау әдісі оқытуды тиімді етуге мүмкіндік береді. Оқушылар мен мұғалімдердің барлық іс-әрекеті нәтижеге қол жеткізуге бағытталған.
Сабактың барысы	
1-сабак	<ul style="list-style-type: none"> Жоғары белсенді жаттығулар. Рефлексия: жаттығуларда бағалау критерийлері болды ма? Жаттығулардың жақсы немесе нашар орындалғанын қалай бағалай аламыз? Бағалау критерийлерін анықтау. <p>Жаттығу: Жоспарлау бойынша жаттығуды жалғастыру <u>Оқыту әдістері</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). Оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін бағалау критерийлерін анықтау.</p> <p>Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: Топтар сабак жоспарына сәйкес оқушы мен мұғалім іс-әрекеттерін жоспарлауды аяқтайды және келесі сұрақтарға жауап береді:</p> <ul style="list-style-type: none"> Оқушылардың әр тобы оқу нәтижелеріне қол жеткізді мей? Жоспарланған тапсырмалар барысында мазмұндық оқу нәтижесін көрсете алды ма? Оқушылар оқу үдерісін көрсете алды ма? <p>Әр топ пікір алмасады және сабак жоспарының «Бағалау критерийлері» бөлімін толтыруды аяқтайды және келесі сұрақтарға жауап береді:</p> <ul style="list-style-type: none"> Бағалау критерийлері арқылы мазмұн жеткізілгені қалай бағаланады? Оқу үдерісі арқылы бағалау критерийлеріне қол жеткізілгені қалай бағаланады? <p>Рефлексия: әр оқушы сабак барысындағы критерийлер жайлы 1 түжірым жасайды. Өз қорытындылары туралы жүптасып, пікі алмасады.</p>

18-күн	1-2-сабактар
2-сабак <ul style="list-style-type: none"> • Зейінді шоғырландыруға арналған жаттығу; • Бағалау критерийлері мен жаттығулардың негізгі оқу мақсатымен байланысын бағамдау. <p>Жаттығу: Бағалау критерийлері, оқу жаттығулары және негізгі оқу мақсаттарының байланысын бірлесе зерттеу мұғалімдердің жеке тәжірибесіне енгізілген өзгерістер үдерісін байыптаудың жетілдіре түседі.</p> <p><i>Ресурс:</i> <u>Сабакты жоспарлау үдерісін бағамдау</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>).</p> <p>Бірлескен жұмысқа негізделген тәсіл: Мұғалімдер келесі критерийлерді қолдана отырып, сабак жоспарын өздері бағалайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Оқу нәтижелері оқушылар деңгейіне сәйкес келе ме? • Эр деңгейлі тапсырмалар оқу нәтижесіне қол жеткізуге ықпал ете ме? • Эр деңгейлі тапсырмалар сабак барысында оқу нәтижесіне қол жеткізуге ықпал ете ме? • Бағалау критерийлері сабак мазмұны бойынша оқу нәтижелеріне сәйкес келе ме? • Бағалау критерийлері оқу үдерісінің нәтижелеріне сәйкес келе ме? • Оқушылар әр деңгейлі тапсырмалар арқылы бағалау критерийлерінің мазмұнын көрсете ала ма? • Оқушылар бағалау критерийлері мен сабактағы жаттығулар арқылы оқу үдерісін көрсете ала ма? • Бағалау үдерісі оқушылардың нәтижесін бағалау критерийлері арқылы бағалауға арналған ба? • Бағалау үдерісі оқу үдерісін бағалау критерийлері арқылы бағалауға арналған ба? <p>Топтар сабак жоспарларына өзгеріс енгізіп, өзара бағалау үшін әріптестеріне береді. Топтар өзін-өзі бағалауға арналған критерийлерді қолдана отырып, жоспарларды зерделейді. Олар «Сабакты жоспарлау үдерісін бағалау» нұсқаулығын қолдана отырып, жоғарыда көрсетілген сұрақтардың әрқайсысына кері байланыс ұсынады, «жоқ» деген баға қойылса, оны қалай жетілдіруге болатыны туралы өз пікірін айтады. Нәтижесінде әр топ әріптестерінің ұсыныстарын ескере отырып, өз жоспарларына түзету енгізеді.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сабакты қорытындылауға арналған рефлексия. Сөйлемді аяқтау: «Сабакты бағалау критерийі – бұл ...» <p>Косымша оқу: <u>Педагогикалық диалог</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>). <u>Кері дизайн әдісі</u> (<i>Білім беру платформасын қараңыз</i>).</p>	

19-күн	1-2-сабактар
Тақырыбы	Оку үдерісіне өзгеріс енгізу мақсатында сабакты жоспарлау
Мақсаты	Мұғалімдер даму жұмысының негізгі қағидаттарын зерттейді және өз тәжірибесін жетілдіруге бағытталған шағын жобаларға қатысады.
Оқу нәтижесі	Мұғалімдер жүргізілген зерттеу нәтижесінде өзіндік құндылықтары мен мұғалімдік көзқарасын анықтайды, даму басымдықтарын белгілеп, проблемаларды анықтайды.
Түйінді идеялар	Даму жұмысы мұғалімдердің өз тәжірибесін жетілдіріп қана қоймайды, сол сияқты басқа мұғалімдердің тәжірибесіне ықпал етеді. Бұл кәсіби жағдайды есепке ала отырып жасалу керек, яғни жобаға және ұсынылған іс-шаралар жоспарына назар аудару мәселелері бойынша әріптестермен, мектеп басшыларымен кеңесу қажет.
Сабак барысы	
